



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА СЕРПІН: ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР
МЕН ОРТАҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



17-19 қараша аралығында Дубайда (БАӘ) «Сот әкімшілігінің жаһандық перспективалары» тақырыбына арналған Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының конференциясы өтті. Биылғы өткен ХСӘҚ-ның отырысында Қазақстанның сот төрелігіндегі реформалары мен жетістіктері басты тақырып болды.

(Жалғасы 2-бетте)



ҚОРҒАНЫС

Бүгінгі әлемде қорғаныс саясаты бұрынғыдай тек қарулы күштердің санымен немесе әскери техниканың қуатымен ғана бағаланбайды. Заманауи қауіпсіздік ұғымы әлдеқайда кеңейді. Мемлекеттің қорғаныс қабілеті енді әскери дайындықпен қатар технологиялық тәуелсіздікке, киберқауіпсіздікке, ақпараттық тұрақтылыққа, логистикаға, қорғаныс өнеркәсібіне және халықаралық серіктестікке сүйенеді. Қазақстан үшін бұл мәселенің маңызы артып келеді. Себебі, еліміз Еуропа мен Азияны жалғайтын маңызды көлік дәліздерінің бойында орналасқан, ал Орталық Азияның тұрақтылығы өңірдегі барлық мемлекеттердің ортақ жауапкершілігіне айналып отыр.



ӘСКЕРИ БІРЛІК ҰЛТҚА ҚАЛҚАН

Көпшілік әскери ынтымақтастықты бірлескен жаттығулармен байланыстырады. Алайда қазіргі жағдайда оның мазмұны анағұрлым кең. Бұл – әскери білім беру, офицерлер даярлау, тәжірибе алмасу, бітімгерлік операцияларға қатысу, әскери медицина, цифрлық басқару жүйелері, ұшқышсыз технологиялар, әскери логистика және төтенше жағдайларда өзара қолдау тетіктерін дамыту. Қазақстан үшін дәл осы бағыттар болашақ қорғаныс жүйесінің сапасын айқындайды.

Қазіргі соғыстар бір ғана майдан даласында жүріп жатқан жоқ. Олар спутниктер арқылы, киберкеңістікте, байланыс жүйелерінде және ақпараттық ортада қатар өрбиді. Сондықтан Қазақстан үшін қорғаныс саласында өз инженерлік әлеуетін, әскери IT шешімдерін, байланыс құралдарын, дрон технологияларын және цифрлық қауіпсіздік жүйелерін дамыту ерекше маңызды. Бұл тек қорғаныс

министрлігінің емес, ғылыми орталықтардың, университеттердің және отандық өнеркәсіптің де ортақ міндеті.

Қазақстанның сыртқы саясатының ерекшелігі – теңгерімді серіктестік. Еліміз бір ғана бағытқа сүйенбей, әртүрлі халықаралық ұйымдар мен мемлекеттермен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытып келеді. Мұндай ұстаным қорғаныс саласында да икемділік береді. Әртүрлі серіктестермен тәжірибе алмасу, бітімгерлік дайындық, әскери білім беру және техникалық стандарттарды жетілдіру Қарулы Күштердің кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Заманауи қауіпсіздік тек әскердің жауапкершілігі емес. Ақпараттық мәдениет, төтенше жағдайларға дайындық, азаматтық қорғаныс, цифрлық сауаттылық, өндірістік тұрақтылық және еріктілер қозғалысы да ұлттық орнықтылықтың бір бөлігі.

(Жалғасы 6-бетте)



КЕЛБЕТ

ЗАҢҒЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН
ҚАЛАМҒЕРЛІКПЕН
ҰШТАСТЫРҒАН **АРДА АЗАМАТ**

Заң саласында қызмет етіп жүрген адамның қолына қалам алып, толға-нып, ойларын қағазға түсіріп отыруы, түсіріп қана қоймай, тиянақтап, жинаққа айналдырып, кітаптарын шығарып отыруы, жасыратыны жоқ, жиі кездесе бермейді. Заң мен сот қызметкерлерінің басым көпшілігі жұмысбасты екендігін көлденең тартады. Тіпті, қызмет барысында салмақ салып, өтініп, бір шағын мақала жаздырып ала алмайтын жағдайлар кездесіп жатады. Ешкімді бұл үшін сөкпеспіз, дегенмен, мұның бәрі адамның құлқы мен ниетіне байланысты екені рас. Әйтпесе, шын ықылас қойған адам уақыт тапса керек.

Өз басым осындай заңгерлік қызметін қаламгерлікпен сәтті ұштастырып жүрген әріптестерімнің ішінен Бағлан Демесінұлы Мақұлбеков ағамызды айрықша бөліп айтар едім. Өзім де шығармашылық мәселесіне ден қойып жүргендіктен, Бағлан ағамыздың өзгелерден оқшау, озық қырын жақсы бағалаймын. Әріптесіміздің «Сот жүйесінің көкжиегі» мен «Әділетке барар жолда» деп аталған жинақтарының осы салада еңбек етіп жүрген жандарға ғана емес, барша халыққа берері мол. Себебі бұл кітаптарда ағамыз өзінің заң жолындағы қызметі мен көкейге түйгендерін ортаға салған. Осы кітаптар арқылы ормандай қалың оқырман заң мен сот қызметкерлері жұмысындағы ауыртпалық пен жауапты сәттерге қанық болады. Өмірлік тәжірибесін ортаға салған автордың тағылымды ойлары өзі үшін де, әріптестері үшін де, әсіресе, болашақ заңгерлер үшін де үлкен өнеге мектебіне айналары талассыз.

Ілгеріде Бағлан Демесінұлының өлең жазумен айналысқаны туралы да біліп, сүйсінгеніміз бар. Тіпті, бір өлең кітабын маған сыйға тартқанда, шолып шығып, қабілет қырларына риза болғанмын. Ал, ендеше! Бәзбіреулер бір мақала жазуға қолы бармай, мойны жар бермей жүрсе, ағамыз өз қызметі айналасында көрген-білгенін бөлісіп қоймай, әдебиеттің күрделі де қиын жанры – поэзияға тәуекел етіп, өлеңге алтын уақытын арнап жатса, қалайша сүйсінбесің?! Поэзия

2-БЕТ



Сот жүйесіндегі
тәлімгерлік

6-БЕТ



Ашық
диалог алаңы

8-БЕТ



Го ойынының
аясы кеңіп келеді

дегеніңіз үлкен тәуекелдің ғана емес, үлкен жүректіліктің ісі ғой! Меніңше, жүрегі сыршыл, өмірді шын сүйе алатын, махаббатшыл, әсершіл, романтик жандар ғана мұндай тәуекелге бара алар. Әйтпесе, екіншісі, екі ауыз сөз құрағанның бәрі ақын болып кетсе, қайран Абай ағамыз айтқандай, «өлең – сөздің патшасында» құн қала ма?!

Солай болса да, бізді, әрине, илегеніміз бір терінің пұшпағы болғандықтан, Бағлан Демесінұлының заң мен сот айналасындағы көкейтесті ой-толғанысы көбірек қызықтырғаны рас. Әйткені, бас ауыртар мәселелерге әріптесінің көзқарасы қалай деген ой әркімді мазалайды ғой.

Бір анық аңғаратыным, біздер, заң мен сот айналасындағылар, әркімге мұң шаға бермейтін, ішкі күйзелісін сыртқа шығара бермейтін халықпыз. Не болмаса, жан ауыртар мәселемізді көбіне көп ортаға салуды, ой бөлісуді артық көреміз. Енді біреулеріміз бұл жеке өз басымның мәселесі, өз жұмысым, кімнің басын қатыра берейін деп қоя салуымыз мүмкін. Бұл кітаптар, менің пайымдауымша, көбіміздің басымызда қалыптасып, орнығып қалған осындай біржақты стереотипті, қатып қалған догмалық ойларға қарсы тұрарлық қауқарлы, нағыз заң адамын ойға қалдыратын, өз қызмет жолын да сараптап, салмақтауға итермелейтін өзіндік аса байсалды, пікір-көзқарасқа толы кітап деп атар едім.

(Жалғасы 5-бетте)

БАҒДАР

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Заң мен тәртіп – мемлекет-тің мықты болуының басты негіздері. Қоғамда тыныштық пен қауіпсіздік болуы үшін әр адам заңды құрметтеп, тәртіп сақтауы қажет. Егер адамдар заңға бағынбаса, қоғамда тәртіпсіздік көбейіп, адамдардың бір-біріне деген сенімі азаяды. Сондықтан заң – әділ өмір сүрудің көпілі.

Заң дегеніміз – мемлекет бекіткен ережелер жиынтығы. Ол адамдардың құқықтарын қорғайды және әр азаматтың міндетін айқындайды. Заң барлық адамға бірдей қызмет етеді. Бай немесе кедей, үлкен немесе кіші болсын, бәрі заң алдында тең. Бұл – әділетті қоғамның белгісі.

Тәртіп – адамның мәдениеті мен жауапкершілігінің көрінісі. Тәртіпті адам қоғамдық орында өзін дұрыс ұстайды, үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқор болады. Сонымен қатар мектеп ережесін сақтау, көшеде кокыс тастамау, жол ережесін бұзбау да тәртіпке жатады. Осындай қарапайым әрекеттер қоғамның дамуына оң әсер етеді.

Қазіргі таңда жастардың заңды білуі өте маңызды. Себебі жасөспірім кезден бастап тәртіпке үйренген адам болашақта елінің пайдалы азаматы болады. Мектепте мұғалімді тыңдау, сабаққа кешікпеу, өзгелердің құқығын құрметтеу – заң мен тәртіпке тәрбиелейді. Ата-ана мен ұстаздардың тәрбиесі де бұл жерде үлкен рөл атқарады. Заң мен тәртіп сақталған жерде бейбітшілік пен тұрақтылық болады. Адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді, мемлекет дамиды. Ал тәртіпсіздік орын алған қоғамда қылмыс көбейіп, адамдар арасында түсініспеушілік пайда болады. Сондықтан әр азамат өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын орындауы тиіс.

Занды құрметтеу мен тәртіп сақтау әр адамның міндеті. Болашағы жарқын ел болу үшін барлығымыз әділдікке, жауапкершілікке және тәртіпке ұмтылуымыз керек.

Ақнұр ДОМБАЕВА,
Ұлытау облысы Ұлытау аудандық сотының Сот әкімшісі басшысы

БЕЗБЕН

ҚР «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңында тәлімгерлік институты егжей-тегжейлі реттелмегенімен, оның қажеттілігі судьяның тәуелсіздігі қағидатынан, оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптардан және Судья әдеби кодексінің нормаларын сақтау міндетінен туындайды. Сондықтан тәлімгерлікті дамыту сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге және сот билігінің беделін нығайтуға бағытталған маңызды қадам.

Судья лауазымына тағайындалу – заңгердің кәсіби өміріндегі жаңа кезеңнің бастауы. Теориялық білімі мен еңбек тәжірибесі қаншалықты мол болғанымен, жас судья адамның құқықтары мен бостандықтарын, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға бағытталған аса жауапты міндетті өз мойнына алады. Осындай кезеңде тәжірибелі әріптестің қолдауы мен бағыт-бағдары ерекше маңызға ие болады.



Тәлімгерлік – бұл тек тәжірибе алмасу немесе кәсіби дағдыларды үйрету ғана емес. Бұл – материалдық нормаларды дұрыс қолдануға, істің мән-жайын жан-жақты әрі объективті зерттеуге, дәлелдемелерді әділ бағалауға және сот актілерін сапалы әрі негізді әзірлеуге бағытталған судьяның кәсіби құқықтық ойлау қабілетін қалыптастыратын жүйелі үдеріс.

Тәлімгерлік аясында күрделі құқықтық мәселелерді бірлесіп талқылау, заңнамадағы өзгерістерді

дыңның тәуелсіздігі қағидатын ешбір жағдайда шектемейді және сот төрелігін жүзеге асыруға араласуды көздемейді. Тәлімгер нақты іс бойынша қандай шешім қабылдануға тиіс екенін айқындамайды, әрі судьяның ішкі нанымына ықпал етпейді. Оның негізгі міндеті – кәсіби бағыт-бағдар беру, тәжірибесімен бөлісу, құқықтық талдау дағдыларын дамыту және жас судьяның заңға және өзінің ішкі нанымына сүйене отырып, заңды, негізді әрі әділ шешім-

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӘЛІМГЕРЛІК

Сот жүйесінің тиімділігі, ең алдымен, судьялардың кәсіби біліктілігіне, қабылданатын сот актілерінің сапасына және қоғамның сот төрелігіне деген сенім деңгейіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, тәлімгерлік институтының маңызы ерекше. Ол жаңадан тағайындалған судьялардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ететін, сот қызметіндегі озық дәстүрлердің сабақтастығын сақтайтын әрі судьялар корпусының жоғары құқықтық мәдениетін нығайтатын маңызды тетік.

зерделеу, өзекті сот практикасын талдау және құқық қолданудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру маңызды орын алады. Сонымен қатар сот актілерінің заңдық уәжділігіне, қисынды құрылымына, дәлелдемелерді бағалаудың толықтығына және іс жүргізу заңнамасы талаптарының сақталуына ерекше назар аударылады. Мұндай өзара іс-қимыл жас судьяның кәсіби дамуына ғана емес, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге де ықпал етеді.

Сонымен бірге тәлімгерлік су-

дерді өз бетінше қабылдауына көмек беру.

Тәлімгерліктің тәрбиелік қыры да айрықша мәнге ие. Судья мамандығы терең құқықтық біліммен қатар, мінсіз беделге ие болуды, әділдік пен бейтараптықты, ұстамдылықты, сот процесіне қатысушыларға құрметпен қарауды және жоғары кәсіби мәдениетті талап етеді. Мұндай қасиеттерді тек заңдарды оқып меңгеру арқылы қалыптастыру мүмкін емес. Олар тәжірибелі судьялардың жеке өнегесі, кәсіби ұстанымы және күнделікті қызметі арқылы қалыптасады.

Тәлімгерлік жалпы сот жүйесінің дамуына да елеулі үлес қосады. Ол жас судьялардың кәсіби бейімделу кезеңін қысқартуға, іс жүргізу барысында орын алуы мүмкін қателіктердің алдын алуға, сот актілерінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге және білікті судьялар корпусын қалыптастыруға ықпал етеді. Кәсіби тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі отандық сот төрелігінің үздік дәстүрлерін сақтап қана қоймай, сот қызметін одан әрі жетілдіруге де негіз қалайды.

Заңнаманың тұрақты жаңаруы, сот жүйесінің цифрландырылуы және қоғамның сот төрелігінің сапасына қоятын талаптарының артуы жағдайында тәлімгерліктің рөлі бұрынғыдан да арта түсуде. Ол жас судьяны кәсіби қолдаудың тиімді құралы ғана емес, сонымен қатар заң үстемдігін қамтамасыз етуге, адам құқықтарын қорғауға және әділ сот төрелігін жүзеге асыруға бағытталған сот жүйесінің тұрақты дамуының маңызды көпірі болып табылады.

Бүгінде тәлімгерлікті тәжірибелі судьяның формальды міндеті ретінде емес, сот жүйесі мен қоғам алдындағы жоғары кәсіби жауапкер-



Серік АМАНҒАЛИҰЛЫ,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

шілігінің көрінісі ретінде қарастыру қажет. Білімі мен тәжірибесін, сот төрелігінің үздік дәстүрлерін кейінгі буынға жеткізе отырып, тәлімгер өз конституциялық миссиясын абыроймен атқара алатын жаңа буын судьялардың қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан тәлімгерлік – жай ғана кәсіби қолдау тетігі емес. Бұл – сот төрелігінің сапасына, сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға және қоғамның сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған маңызды инвестиция. Өйткені мықты сот жүйесі кәсіби судьядан бастау алады, ал кәсіби судьяның қалыптасуында тәлімгердің орны айрықша. Себебі тәжірибе мен кәсіби тағылым ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасып, әділ сот төрелігінің берік негізі қаланады.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА СЕРПІН: озық тәжірибелер мен ортақ ынтымақтастық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Форумға әлемнің 80-нен астам елінен сот жүйесінің өкілдері келіссөздер жүргізілді. Өзекті реформалар, цифрлық қызметтерді енгізу, жасанды интеллект технологияларын пайдалану және халықаралық ынтымақтастықты нығайту ниетімен бас қосқан.

Қазақстандық делегация жетекшілері Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев пен Сот әкімшілігінің басшысы – ХСӘҚ вице-президенті Н.Ахметзакиров.

Конференцияда сот жүйесін цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын қолданудағы Қазақстанның тәжірибесіне баса назар аударылды. Делегацияға цифрлық қызметтер саласындағы ұлттық жетістіктерді, процестерді автоматтандыруды және сот талқылауларының тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдерді таныстыру үшін жеке сессия ұсынылды. Таныстырылым қатысушылардың зор қызығушылығын тудырды, сондай-ақ әртүрлі елдердің өкілдері Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртудағы елеулі жетістіктерін атап өтті.

IASA президенті Памела Харрис Қазақстанның цифрлық трансформациядағы күш-жігерін жоғары бағалап, еліміздің инновацияларға ашықтығын және халықаралық ынтымақтастықтың белсенді дамуын атап өтті, Қазақстанның тәжірибесі көптеген елдерге үлгі бола алатынына тоқталды.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

КӨЗҚАРАС

Әйел – отбасының ғана емес, қоғамның тірегі. Оның білім алуға, еңбек етуге, өз пікірін еркін айтуға, қауіпсіз өмір сүруге толық құқығы бар. Өкінішке қарай, тұрмыстық зорлық-зомбылық, еңбек саласындағы кемсітушілік, психологиялық қысым сияқты мәселелер әлі де кездеседі. Мұндай жағдайларда үнсіз қалу мәселені шешпейді. Заң әрбір азаматтың құқығын қорғайды, сондықтан құқық бұзылған жағдайда тиісті органдарға жүгіну – заңмен көпіндеңдірілген құқық.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ АЯҚАСТЫ БОЛМАСЫН!

Мысалы, көпбалалы ана ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп жүрген мекемесінде қызметтік өсу мүмкіндігінен бірнеше рет шеттетілген. Ол өз құқығын қорғау үшін заңгердің көмегіне жүгініп, еңбек заңнамасына сәйкес әділ шешімге қол жеткізді. Бұл оқиға құқықты білу мен оны қорғаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Жасөспірімдердің құқығы да ерекше қорғауды қажет етеді. Әрбір бала мен жасөспірімнің білім алуға, денсаулығын сақтауға, қауіпсіз ортада өмір сүруге, пікірін еркін білдіруге және зорлық-зомбылықтан қорғалуға құқығы бар. Өкінішке қарай, мектептегі буллинг, интернеттегі қорлау, мәжбүрлі еңбек немесе ата-ананың немқұрайлылығы секілді жағдайлар олардың құқықтарының бұзылуына әкеліп жатады.

Мысалы, мектепте бір оқушыны қатарластары ұзақ уақыт бойы мазактап, әлеуметтік желіде келемеждейтін бейнематериалдар таратқан. Бұл жағдай уақытында анықталып, мектеп әкімшілігі, психолог және ата-аналар бірлесіп жұмыс жүргізудің арқасында мәселе шешімін тапты. Осы мысалдан бала құқығын қорғауда тек заң ғана емес, мектеп, отбасы және қоғамның бірлескен әрекеті маңызды екенін көруге болады.

Адам құқықтарын қорғау тек мемлекеттік органдардың жұмысы емес. Ол әрбір ата-ананың, әр мұғалімнің, әр жү-



мыс берушінің, әр азаматтың адамдық борышы. Занды білу – өз құқығыңды қорғаудың алғашқы қадамы, ал өзгенің құқығын құрметтеу – мәдениетті қоғамның белгісі.

Құқықтық мемлекет заңдардың көптігімен емес, олардың әділ орындалуымен ерекшеленеді. Егер әйел өзін қауіпсіз сезінсе, бала қорықпай білім алса, әр азамат өз пікірін еркін білдіре алса, бұл мемлекеттің ең үлкен әрі маңызды жетістігі.

Бүгінгі жасөспірім – ертенгі дәрігер, мұғалім, инженер, кәсіпкер не-

месе судья. Бүгін құқығы қорғалған қыз бала – ертең елдің дамуына үлес қосатын білімді ана, білікті маман болады. Сондықтан нәзікжандылардың құқықтарын қорғау – отбасының беріктігін сақтау болса, жасөспірімдердің құқықтарын қорғау – мемлекеттің ертенін қорғау.

А.БАЙПАКОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ҰСЫНЫС. ПІКІР

Соңғы кездері елімізде болып жатқан түбегейлі саяси өзгерістер, солардың қатарында, ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Конституциялық өзгерістер саналы өмірімнің қырық жылын құқық қорғау органдарына бағыштаған, қазіргі таңда зейнеткер мені де бей-жай қалдырмады. Жаңа Конституция мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі өзгертіп, билік тармақтарының тепе-теңдігін жаңа деңгейге көтермек. Бұл реформа ел тарихындағы ең ауқымды, маңызды конституциялық өзгеріс болып табылады. Халқымыздың сана-сезіміне тың серпіліс беріп, оның одан әрі дамуына күш-қуат беретініне мен көміл сенемін.

Осы Ата Заңымыз аясында және соның негізінде, екі ай ішінде елдегі алты маңызды мемлекеттік лауазым иелері қайта тағайындалуы тиіс болатын. Яғни, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тиісті Жарлығымен Берік Асыллов – еліміздің Бас Прокуроры, Асламбек Мерғалиев – Жоғарғы Сот төрағасы лауазымына қайта тағайындалды. Аталған екі мемлекеттік қайраткер де өз салалары бойынша мол тәжірибеге ие мамандар, прокуратура органдарының және сот төрелігін атқару бойынша, барлық сатыларынан өткен майталман заңгерлер.

Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін жалпы қоғамда, азаматтар арасында «билік транзиті қалай болады, қазіргі ел Президенті қайта сайлана ма?» – деген түрлі болжамдар мен талқылаулар етек алғаны шындық. Мұндай сұрақтар қарапайым ха-

лықты да толғандырып, оған нақты жауап іздеумен болды. Міне осындай халықтың көкейінде жүрген, оларды толғандырған мәселе де көп созылмай өз шешімін тапты. Президентіміз осы күрмеуі қиын болып көрінген мәселені толыққанды шешу үшін Конституциялық Сотқа жүгінді. Сотқа жүгіну арқылы билік бұл мәселенің нақты және заңды шешімін халыққа ашық жариялады, мұқият түсіндіріп, алып-қашпа, өсек-аяң әңгімелерге нүкте қойды.

Енді алтаудан қалған төрт мемлекеттік лауазым – Ұлттық банк төрағасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) жақын арада тағайындалмақ.

Конституциялық соттың шешімі қабылданған сәттен бастап, ел ішін-

дегі «саясаткерсымақтардан» басқа, сыртқы «достарымыз» да негізсіз әңгімелер қозғай бастады. Мұндай алып-қашпа әңгімелерге де билік тарапынан кең түрде түсініктемелер берілді.

Мәселен, Конституциялық Соттың шешіміне сай – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың келесі сайлауға қатысуға заңды мүмкіндігі бар. Бұл күрделі болып көрінген сұраққа, Ерлан Карин мырза да саяси тұрғыдан кең түрде түсініктеме берді. Яғни, Жаңа Конституция күшіне енгенге дейінгі (1995 жылғы ереже бойынша) қызмет мерзімі есепке алынбайды. Демек, жаңа заңға сәйкес – егер Президент сайлауға қатысса, оның бұл сайлануы «алғашқы сайлану» ретінде танылады. Президентіміз жаңадан сайлауға қатыса ма әлде басқа шешім қабылдай ма, бұл оның жеке өзіне қатысты мәселе. Халықты толғандырған бұл сұрақтың шешімін болашақтың еншісіне қалдырайық.

Прокуратура органдарында отыз жылға жуық, облыс деңгейіндегі сотта он жылдай қызмет жасаған ардагер ретінде, жаңа Конституцияға байланысты өзімнің бір-екі ұсынысым бар. Менің прокуратура органдарындағы қызметім, сонау өткен ғасырда сексенінші жылдардың басынан баста-

лып, 2006 жылы бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясына тағайындалып, 2016 жылы зейнеткерлік жасыма толғанға дейін үздіксіз жалғасты. Осы аралықта КСРО Прокуратурасына бағынышты болған Өзбекстан Республикасының Прокуратурасында ауданаралық прокуратураның тергеушісінен Арал бойы көлік прокуроры, ал соңынан 1995 жылдан өзіміздің Тәуелсіз еліміздің прокуратурасында бірнеше лауазымды қызметтер атқардым. Дүниені дүр сілкіндірген осы екі тарихи өзгеріс те менің жеке басымнан өтті, бірақ олардың бәрін тізіп айту үшін көп уақыт керек.

Негізі менің бөліскім келетін ойым, ол қазіргі прокуратура органдары қызметкерлерінің прокурорлық сыныптық шеніне қатысты болмақ. Прокурорлардың сыныптық шені бұрынғы Одақ прокуратурасында да болған, сонымен қатар, қазіргі таңдағы өзіміз қызмет жасаған – Қазақстан прокуратурасында да бар. Бұл жағдай прокуратура органдарының өздерінің тиісті салалық бұйрықтарымен бекітілген. Яғни, жаңадан тағайындалған прокуратура органдарының қызметкеріне белгілі мерзім өткесін бірінші сыныптық

шені (біздің кезімізде – кіші юрист (младший лейтенант), қазіргі таңда, 3-ші дәрежелі заңгер (лейтенант юстиции) шенінен бастап, атқарған қызметіне, өткен мерзіміне байланысты әрі қарай өсіп отырған.

Бұл қағидат – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы» ережесімен бекітілген. Осы ереженің 30-бабы бойынша атқаратын лауазымына, біліктілігіне, арнайы қызметтегі өтіліне және бұрынғы сыныптық шеніндегі еңбек сіңірген жылдарына сәйкес прокуратура органдарының қызметкерлеріне қандай сыныптық шендердің берілетіні туралы толықтай берілген. Тізімде ең жоғарғы сыныптық шен ретінде: «Жоғары сыныптық мемлекеттік шені – Әділеттің іс жүзіндегі мемлекеттік кеңесшісі (действительный гоусударственный советник юстиции – армия генералы) болатын. Сондықтан біздің елімізде де өзіне лайықты шен берілгені жөн дер едім.

Ыбырай қажы МӨТІБАЕВ
ҚР Прокуратурасының құрметті
қызметкері, бұрынғы Оңтүстік
Қазақтан облыстық сотының
экс-судьясы

ОТАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛІК

БАЛМҰЗДАҚ ӨНДІРІСІНІҢ ӘЛЕУЕТІ МОЛ

Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, қаңтар-мамыр айларында Қазақстанда өңделген сұйық сүт пен кілегейдің көлемі 189 229 тоннаға жетті. Еліміздегі сүт өнімдерін өңдейтін және өндіретін 200-ге жуық ірі және орта өндіріс орындарының жылдық қуаты 2,7 млн тоннадан асады. Алайда олар әлі де өз қуатының тек 82 пайызын ғана пайдаланып отыр.

Атап айтқанда, өңделген сүт пен кілегейдің ішінде халықтың жасы да, жасамысы да сүйсіне жейтін балмұздақтың үлесі былтыр 63,2 мың тоннаны құрады. Сүт, қаймақ, қант және хош иістендіргіштерден жасалатын, мұздатылған немесе жұмсақ күйінде ұсынылатын бұл тәтті тағам шөл басатын жеңіл десерт ретінде өте танымал. Оның құрамында каль-

фризерде арнайы жасалады.

Еліміздегі балмұздақ өндірісінің 80 пайыздан астамы негізгі 4 өңірде өндіріледі. Сүт өнімдерінің бұл түрі жағынан Алматы облысы ең алдыңғы орында. Мәселен, биыл алғашқы 4 айда елімізде өндірілген 35,1 мың тонна балмұздақтың 23,3 мың тоннасы немесе 66,3 пайызы осы аймақта өндірілді. Мұнда нарықтың абсолютті көшбасшысы және ТМД көлеміндегі ірі зауыттардың бірі болып табылатын «Шин-Лайн» (Shin-Line) кәсіпорны орналасқан. Оның шығарған өнімдері ішкі нарықты ғана емес, ТМД мен Қытай, Сауд Арабиясы сияқты шет елдерге де экспортталады. Былтыр бұл кәсіпорын сыртқа 15 мың тонна балмұздақ сатқан. Салыстырмалы түрде айтар болсақ еліміздегі үздік төрттікке кіретін 3 өңірде жылына Түркістан облысында 6 мың тонна, Алматы қаласында 1,3 мың тонна, Ақмола облысында 1,1 мың тонна ғана өнім шығарылады.

Алғашқы тоқсанда Қазақстанға 2,9 мың тонна балмұздақ шет елдерден импортталып, 24,8 млн доллардың 6,4 мың тонна өнімі экспортталды. Сыртқа шығарылған өнім көлемі биыл былтырғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 46,4%, ал ақшалай мәнде 77 пайызға жоғары болып отыр. Экспорттың басым бөлігі Ресейге (4,3 мың тонна) бағытталды.

Соңғы жылдары елімізде жылқы және түйе сүтінен балмұздақ өндіру ісі қолға алынғанымен, әзірге ол өнеркәсіптік деңгейде жолға қойылмаған. Отандық гастрономиядағы үлкен трендке айналып, тіпті халық арасында «қазақ балмұздағы» деген атауға ие болған бұл өнім түрі көбіне үй жағдайында шағын цехтарда ғана жасалуда. Сол себепті өндірістің бұл саласы дамитын болса еліміздегі балмұздақ өндірісінің көлемін әлі де өсіруге мол мүмкіндік бар. Бұл бағытта қазір кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы арқылы өз кәсібін бастаған ауыл тұрғындарының саны да жылдан жылға өсіп

келе жатыр. Елімізде бұл ерекше десертті өндірумен айналысатын негізгі жобалар мен кәсіпкерлерге көз жүгіртер болсақ түйе сүтінен Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Сарыбұлақ ауылында Азангүл Албосын балмұздақтың құрма, карамель, жидек сияқты 20-дан астам дәм түрін өндіріп Алматы қаласындағы дәмханалар мен мейрамханаларға жеткізеді. Батыс Қазақстан облысында жас ғалым Аян Оразов түйе сүтін ақуызбен байытып, арнайы зертханада балмұздақ әзірлеудің жаңа технологиясын жасап, оған ресми патент алды. Маңғыстау облысы Бейнеу ауданындағы «Әділ» сүт зауыты, Қызылорда облысы Шиелі ауданында Сабыр Ермаханов есімді кәсіпкер де бұл түйе сүтінен балмұздақ өндірушілер көшін бастап тұр. Ал бие сүтінен балмұздақ жасағандар арасында Қостанай облыс Мендікара ауданындағы Каменорал ауылындағы «S-Agro-Borovskoe» ЖШС бие сүті негізінде балмұздақ және эксклюзивті косметика шығаратын өндірістік желіні іске қосты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



МАМАН ПІКІРІ:

АЙДЫН СЕРІКҚАЗИН,
бие сүтінен жасалатын «Семей балмұздағын» шығарушы:

– Бұл кәсіпті Семей қаласында 2019 жылы «Жас кәсіпкер» деген бағдарламаға қатысып, 200 АЕК көлемінде (500 мың теңге) мемлекеттік грант алып бастаған болатынмын. Енді «Ауыл аманаты» бағдарламасымен қыркүйекте 2,5 пайыздық несие алсақ деген ойымыз бар.

2019 жылдан бері саумалдан және қымыздан жасалған балмұздақтың 18 түрін шығарамыз. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша 12 қалада және франшиза бағытында да дистрибьютерлермен жұмыс жасаймыз. Өз өнімімізге қазақтың балмұздағы деген мағынада «Qazice» деген атау бергенбіз. «Qazice» балмұздағына 2019 жылы Қазақстан бойынша патент алдық. 2023 жылы «Семейдің балмұздағы» деген статус алдық.

Абай облысында бізден басқа саумал мен қымыздан балмұздақ жасап отырғандар жоқ. Алайда бие сүтінен түрлі өнім шғарып жатқандар басқа қалаларда бар. Мәселен, Шымкент, Қызылорда қалаларында саумалдан крем шығарып жатыр.

ций, А, В, D және E дәрумендері бар. Ол жүйке жүйесін тыныштандырып, көңіл-күйді көтеруге көмектеседі. Мәселен, майлылығы әдетте төмен болатын сүтті балмұздақ негізінен сыыр сүтінен, қаймақтан және қанттан тұрады. Өте жұмсақ және калориялы қаймақ (пломбир) балмұздақтың құрамындағы май мөлшері жоғары болады. Жеміс-жидек балмұздағы сүт қосылмай, жеміс поресі немесе шырыны мен қанттан мұздатылып жасалса, бірден тұтынылатын, қатты кату процесінен өтпеген жұмсақ балмұздақ

дағы «Әділ» сүт зауыты, Қызылорда облысы Шиелі ауданында Сабыр Ермаханов есімді кәсіпкер де бұл түйе сүтінен балмұздақ өндірушілер көшін бастап тұр. Ал бие сүтінен балмұздақ жасағандар арасында Қостанай облыс Мендікара ауданындағы Каменорал ауылындағы «S-Agro-Borovskoe» ЖШС бие сүті негізінде балмұздақ және эксклюзивті косметика шығаратын өндірістік желіні іске қосты.

ҚҰРЫЛТАЙ

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ПАЙЫМ

ӘДІЛ ТӨРЕЛІКТІҢ АЙНАСЫ

Құқықтық мемлекет құру жолындағы көз келген елдің басты мақсаты – қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты сақтау. ҚР Конституциясының негізінде қалыптасқан құқықтық жүйе де осы қағидаттарға сүйенеді.

Сондықтан мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі ретінде заңның мүлтіксіз орындалуын және тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл міндетті жүзеге асыруда сот билігі шешуші рөл атқарады.

Заң үстемдігі – құқықтық мемлекеттің негізі. Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған. Конституцияның осы қағидаты мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының қызметі заңға негізделуі тиіс екенін білдіреді. Заң үстемдігі қағидаты азаматтар мен мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттерінің тең дәрежеде заңмен реттелуін көздейді.

Заңның мүлтіксіз орындалуы тек мемлекеттік органдардың ғана емес, барлық азаматтар мен заңды тұлғалардың міндеті. Заң талаптарының сақталуы қоғамдық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қоғамдағы әділдік пен сенімді нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, заң үстемдігі қағидаты биліктің заңмен шектелуін, мемлекеттік органдардың өз өкілеттіктерін Конституция мен заңдарға сәйкес жүзеге асыруын талап етеді. Бұл қағидат азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырып, құқықтық мәдениеттің дамуына негіз қалайды.

Қазақстанның сот жүйесі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі институттарының бірі. Конституцияға сәйкес сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Соттардың тәуелсіздігі заң үстемдігінің маңызды кепілдігі болып саналады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тек Конституция мен

заңға ғана бағынады. Бұл қағидат сот шешімдерінің объективтілігі мен әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Соттар қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарау барысында құқық бұзушылықтарға құқықтық баға береді, заң талаптарының сақталуын қадағалайды және бұзылған құқықтарды қалпына келтіреді. Осылайша, сот билігі қоғамдағы құқықтық тәртіптің сақталуына және заң талаптарының орындалуына тікелей ықпал етеді.

Азаматтардың құқықтарын қорғау – сот төрелігінің басты мақсаты. Себебі, құқықтық мемлекетте заңдылықты қамтамасыз ету тек құқық бұзушыларды жауаптылыққа тартумен шектелмейді. Оның негізгі мақсаты – әрбір адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қазақстан соттары азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

Әділ сот төрелігі адамның құқықтары бұзылған жағдайда оларды қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сот арқылы азаматтар мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне немесе шешімдеріне шағымдана алады, келтірілген залаалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттырып, заңдылық қағидатын нығайтады.

Қазақстанда жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформалардың негізгі бағыттарының бірі – сот төрелігінің қолжетімділігін арттыру, сот рәсімдерінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады. Электрондық сот ісін жүргізу жүйесінің енгізілуі, сот процестерінің цифрландырылуы және процестік кепілдіктердің кеңейтілуі азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Заңның мүлтіксіз орындалуы мен тәртіптің қатаң сақталуы қоғамдық

тұрақтылықтың маңызды алғышарты. Құқықтық тәртіп сақталған қоғамда азаматтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, экономикалық даму мен әлеуметтік прогреске қолайлы жағдай жасалады.

Сот жүйесінің тиімді қызметі құқық бұзушылықтардың алдын алуға, заңсыз әрекеттердің жолын кесуге және құқықтық сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Заңдылықтың сақталуы инвестициялық тартымдылықты арттыруға да әсер етеді. Кәсіпкерлер мен инвесторлар құқықтарының сенімді қорғалуы экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан тәуелсіз әрі әділ сот жүйесі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторларының бірі.

Қорытындылай келе, мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – заңның мүлтіксіз орындалуын және тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету. Бұл міндетті жүзеге асыруда Қазақстанның сот жүйесі ерекше орын алады. Соттар заң үстемдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, қоғамдық әділдікті қалпына келтіреді және құқықтық тәртіптің сақталуына ықпал етеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформалар сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға, сот төрелігінің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Заң үстемдігі қағидаты толық жүзеге асқан жағдайда ғана мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуы қамтамасыз етіліп, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделері сенімді қорғалатын болады. Сондықтан заңдылықты сақтау мен құқықтық тәртіпті нығайту – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті әрі құқықтық мемлекеттің негізгі құндылығы болып қала береді.

Зульфия НӘБИЯҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласының
мамандандырылған тергеу
сотының Сот әкімшісі басшысы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, маусым айының басында Жамбыл облысы тұрғындарының саны 1,2 млн адамды құрады. Әділет департаментінің алғашқы жартыжылдықтағы жұмысының қорытындысына қарағанда, облыс адвокаттарының жалпы саны – 259. Былтырғы сәйкес кезеңде оның саны – 260 болатын. Биыл 2 адвокаттың лицензиялары қайтарылып, 8 адвокаттың лицензиясы уақытша тоқтатылды.

АДВОКАТТАР КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДЕ

«Мемлекет кепілдік берген заң көмегі бойынша 95 адвокатпен, 32 заң консультанттарымен кепілдендірілген заң көмегін көрсету туралы келісім жасалынды. «Адвокаттармен заң көмегін көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 150 млн теңге бөлініп, 73 107 911 теңге игерілді. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде соттар, тергеу және анықтау органдары 3478 қаулы шығарды. Оның 3404-і қылмыстық істер, 45-і азаматтық істер, 29-ы әкімшілік, 251-і адвокаттармен консультациялар, 152-сі заң консультанттармен консультациялар бойынша. Заңда көзделген жағдайларда тегін заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны – 3 881 адамды құрады. Жамбыл облысы бойынша «Е-заң көмегі» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта адвокатты қорғаушы ретінде тағайындауға құқық қорғау органдарынан 518 сұраныс келіп түсті. Оның 402-сі бойынша адвокат тағайындалды», – дейді Жамбыл облысы Әділет департаментінің басшысы Мейіржан Исабеков.

М. Нұржанұлының айтуынша, «Жамбыл облысы заң консультанттарының палатасы» мүшелігінде 203 заң консультант бар. «005» бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде заң консультанттары тегін заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны – 152. Алты айда заң консультанттарына қатысты барлығы 8 өтініш түсіп, оның біреуі негізді деп танылды. Ал облыс нотариустарының жалпы саны – 214. Жыл басынан бері нотариустармен жасалынған нотариаттық іс-әрекеттердің жалпы саны – 263 817 болды. Олардың бюджетке аударылған 10 пайыздық сомасы 73 205 726 теңге. Яғни, бір нотариустың орташа айлық жүктемесі 205,5 нотариаттық іс әрекетті құрады.

–Жыл басынан бері нотариустардың әрекетіне 225 шағым келіп түсті. Оның ішінде негізделгені екеу. Нотариаттық қызметпен айналысуға лицензияның қолданылуын тоқтату туралы факті орын алмады. Облыс соттары облыс нотариустарына қатысты жеке ұйғарымдар шығарылмады. Осы арада нотариаттық қызметі бойынша табысты іске асырылған «Цифрлық нотариат» жобасын атап өткім келеді. Қазіргі таңда Жамбыл нотариаттық округы нотариустарының мәліметтеріне сәйкес олармен 4049 – онлайн-сенімхат, 1472 – онлайн-келісім, 3 – онлайн-кеңес беру, 441 өтініш онлайн қуәландырылған. 2026 жылдың жартыжылдығында адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттауға барлығы 50 өтініш беріліп, оның төртеуі ғана аттестатталды. Ал нотариаттық қызметпен айналысу құқығына 22 өтініш берілді, оның екеуі ғана аттестаттаудан өтті. Сондай-ақ жеке сот орындаушы қызметімен айналысу құқығына 15 өтініш беріліп, оның біреуі ғана аттестаттаудан өтті, – дейді Жамбыл облысы Әділет департаментінің басшысы Мейіржан Исабеков. Оның айтуынша, Әділет департаменті және оның құрылымдық бөлімшелері, халықтың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, азаматтарды құқықтық оқыту және өз құқықтары бойынша ақпараттандырылған азаматтардың санын арттыру мақсатында биыл 675 іс-шара ұйымдастырған. Сонымен қатар, халықпен кері байланысты қамтамасыз ету және азаматтардың сенімін арттыру мақсатында, департамент басшылары тұрақты түрде азаматтарды жеке қабылдау жұмыстарын жүргізеді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТҮЛҒА

2026 жылы 1 тамызда Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құрылғанына 25 жыл толады. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесін жетілдіру жолындағы маңызды кезеңдерінің бірі.

Әлихан Бөкейханұлы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, қоғам және мемлекет қайраткері, экономист, тарихшы, публицист ретінде XX ғасыр басындағы ең күрделі кезеңдерде елдік мүддені қорғаудың символына айналған тұлға. Ұлтының тәуелсіздігін аңсаған, қазақ жерін сақтап қалуды басты мақсат еткен кемеңгер азаматтың бүкіл өмір жолы күрес пен ізденістен, ұлтқа қызмет етуден тұрады. Ол қазақ қоғамын жаңғырту, өркениетті елдер деңгейіне жеткізу, ұлттық мемлекеттілік құру жолында аянбай еңбек етіп, тағдыр тәлкегіне ұшыраса да, өз ұстанымынан, елге деген адалдығынан айнымаған қайсар қайраткер болды. Оның өмірі – қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихының көрінісі, азаттық жолындағы күрестің шынайы шежіресі.

Әлихан Бөкейханұлы XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының саяси, экономикалық құрылымы өзгеріп, ел ішінде жаңа қоғамдық ағымдар пайда болған тұста өсіп жетілді. Ол ерте кезден білімге құштар болып, қазақтың көне дәстүрге негізделген дүниетанымын Ресейдің ірі білім ордаларында алған заманауи ғылыммен ұштастырды. Экономика, заң, тарих, статистика және орман шаруашылығы сияқты әртүрлі салаларды меңгеруі оның жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Саналы ғұмырында ол ғылыми зерттеулер жүргізді, қазақ даласына қатысты статистикалық мәліметтер жинады, Ресей империясының басқару құрылымын зерттеп, отарлық саясаттың түпкі мәнін терең түсінді. Осы білім мен тәжірибені ол кейін ұлт мүддесі жолында тиімді пайдаланды.

Саяси көзқарасының қалыптасуына орыс революциялық-демократиялық ой-пікірлерінің әсері зор болды. Бірақ ол ешқашан өз халқының ерекшелігін, ұлттық дамуың өзіндік жолын ескерусіз қалдырмай, қазақ қоғамына ең тиімді, ең дұрыс бағытты таңдауға тырысты. Ол реформаларды күшпен емес, білім мен сана арқылы жүзеге асыру керектігін айтты. Қазақ

халқының өркениетті елдер қатарына қосылуы ең алдымен ұлттық сана қалыптастырудан, құқықтық мәдениет пен білімді дамытудан басталатынын түйді. Сол үшін ол баспасөзді күшті құрал ретінде пайдаланып, газет-журналдарда отарлық саясатты өшкерелейтін, қазақ қоғамын кемелдендіруге бағытталған мақалалар жазды. Оның публицистикасы халықтың көкейіндегі мәселелерді қозғап, елді оятуға, қоғамдық сананы жаңартуға серпін берді.

Қазақ жерін сақтап қалу – Әлиханның бүкіл өмірлік күресінің өзегі еді. Ол үшін ол ғылыми дәлелдерге сүйеніп, қазақ даласының табиғи байлығы, демографиялық жағдайы, жер пайдалану ерекшеліктері туралы деректер жинады. Ресей Мемлекеттік думасында депутат болып жүріп те, ол қазақ жерін жеке меншікке беруге қарсы шығып, қазақтың дәстүрлі жер пайдалану құқығын қорғады. Оның ойынша, жер – ұлттың ұйытқысы, мемлекеттіліктің негізі, сондықтан оны сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борыш. Осы ұстаным Алаш қозғалысының да басты қағидаларының бірі болды.

Әлихан Бөкейханұлы – қазақ тарихындағы ең алғашқы саяси партияның, Алаш партиясының негізін қалаушы және Алаш автономиясының төрағасы. XX ғасыр басындағы толқулар, патша өкіметінің құлауы, уақытша үкіметтің әлсіздігі мен азаматтық соғыс кезеңіндегі хаос қазақ халқы үшін аса қауіпті уақыт болды. Осындай күрделі сәтте ол ұлтты аман сақтау үшін ұйымдасқан саяси күш қажет екенін түсініп, Алашорда үкіметін құрды. Бұл – қазақ халқы тарихындағы алғашқы ұлттық-демократиялық үкімет еді. Әлихан қазақстан ұлт зиялылары қысқа уақыт ішінде қазақ қоғамын басқарудың



заманауи жүйесін қалыптастыруға, оқу-ағарту ісін дамытуға, ұлттық әскер жасақтауға, ел ішіндегі тәртіп пен тұтастықты сақтауға тырысты.

Алашорда үкіметінің бағдарламасы сол дәуір үшін озық әрі прогрессивті болды. Бағдарламада жеке адамның құқығын қорғау, сот жүйесін жаңарту, әйелдердің теңдігі, білімнің қолжетімділігі, жер мәселесін әділ шешу, шаруашылықты дамыту сияқты демократиялық принциптер қамтылды. Бұл құжат қазақ қоғамының болашақ дамуы үшін бағыт-бағдар болды. Өкінішке қарай, тарихи жағдайлар мен кеңестік саясаттың қатал қысымы Алашорда үкіметінің толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндік бермеді. Соған қарамастан, Алаш идеясы халықтың санасында мәңгі сақталып, тәуелсіздік алған кезде де ұлттық мемлекеттілік құру жолындағы маңызды бағдарға айналды.

Кеңестік кезеңде Әлихан Бөкейханұлының қоғамдық-саяси қызметі жалғасты, бірақ ол саяси қудалауға ұшырады. Алаш қайраткерлеріне қатысты репрессиялар оның еркіндігін шектеп, үй қамауында ұстады, шығармашылықпен айналысуына тосқауыл болды. Дегенмен ол

ең үлкен еңбегі – қазақ халқының ұлттық мемлекет құру идеясын ғылыми, саяси және рухани тұрғыдан негіздеуі. Ол тәуелсіз мемлекеттің іргетасы халықтың бірлігінде, жер тұтастығында, білім мен мәдениетті дамытуда екенін ұғындырды. Әлихан бастаған Алаш зиялыларының арманы тәуелсіз Қазақстан құрылғанда жүзеге асты. Бұл – олардың еңбегінің тарихи жеңісі. Бүгінде Әлиханның өмірі мен мұрасы жас ұрпаққа отансүйгіштіктің, әділдікке адал қызмет етудің, ел болашағы үшін жан аямай күресудің өнегесі болып қалып отыр.

Қорыта айтқанда, Әлихан Бөкейханұлы – заманының ғана емес, бар қазақ тарихының биік тұлғасы. Ол артында бай ғылыми мұра, ұлттық идея, мемлекеттілікке деген ұмтылыс қалдырды. Оның ұстанымы «Халқыма қызмет етемін десең – білімді бол, әділ бол, елге пайдалы бол» деген ойға саяды. Сондықтан Әлихан Бөкейханұлының есімі мен еңбегі қазақ елінің рухани тарихында мәңгілік орын алады.

Аққоркем МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының бас маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ондағы айтылған авторлық ой-толғаныс, көзқараспен келісу, келіспеу өз еркіңізде. Бірақ, тәжірибелі ардагер заңгердің ой-пікірі адамды жетектеп отырады, сізді де толғандырады. Міне, біз бұл арада авторлық мақсаттың орындалғанына көз жеткіземіз. Оқырманын баурап, жетектемесе, ойландырмаса ол несіне заңнамалық кітап болсын?!

Бағлан Демесінұлының бұл кітаптарынан ешқандай өзімшіл, менменшілдіктің ұшқыны да көрмейсің. Автордың ойлары өте қарапайым әрі биік мәдениеттілікпен, кішіпейілділікпен өріліп, баурап алады. Автор айттым бітті, кестім үзілді дегендей эгоистік сыңаржасқ ойдан аулақ, үнемі ақырғы ой сарабын өзіңізге әкеліп тіреп отырады. Сөз астарынан, «міне, мен осылайша ой түйдім, солай қорыттым, сіз қалай пайымдар едіңіз?» – деген елдік мүдделі сауал туындатып отыратындай. Жазушылық жоғары этикет дегеніміз – осы! Авторлық көзқарас өзімшілдіктен ада болса, ізгілікке тұнып тұрса, ондай кітаптың оқырманы да аз болмасы анық.

Аталмыш кітаптарды таразылап бағамызды бермес бұрын, мерейтой иесінің өмірбаянымен байланыстыра әңгіме сабақтағанымыз дұрыс болар. Кейінгі «Әділетке барар жолда» атты кітабында Бағлан Демесінұлының өмірбаянына қатысты, сонымен бірге, өзінің ең қымбат жандарына, әсіресе, ата-анасына деген адал пейілі, махаббаты туралы көптеген ұлағатты пікірін оқып қатты сүйсіндік, тәнті болдық. Ол кісінің тек біржақты заңгерлік қызметін ғана әңгімелемей, тағдыр жолымен байланыстыра сөз өрбіткені ұнады. Және бұлай етуі қандай ұтымды. Шын мәнінде, заңгер де етпен сүйектен жаратылған адам. Бәзбіреулер пайымдағандай адамды жазалауға ғана әзір тұратын қоғамның жаналғышы емес, оған ата-ана, орта тәрбиесі, халықтық даналық ықпалы қалайша әсер етпесін?! Сондықтан, автордың өз заңгерлік қызметін, жетістігі мен өмірлік тәжірибесін үнемі өскен ортасымен, ата-ана ұлағатымен ұштастырып отыруы қатты толғандырды, үйіріп әкетті.

Бағлан Демесінұлы – Жетісу топырағының перзенті. Өз сөзімен сипаттасақ, «Жер жәннаты атанған Жетісудың жеті өзенінің бірі – Көксу аймағында орналасқан Ақтекше ауылының Сарыой деген бөлімшесінде 1956 жылдың тамыз айында дүние есігін ашыпты». Оның тіл мәдениеті өте биік, сөз саптасы айрықша. Мен, тіпті, оның өмірбаян жолдарын да өз сөзімен өрбітуді қолайлы көрдім. Бұлай етуім, әрі-беріден соң, бір оқпен екі қоян атып алғандай ұтымды болып көрінді; сонда әрі өмірбаянынан сыр тартамыз, әрі қарапайым заңгердің ана тілінің қаймағын сүзген шешен тілді шеберлігімен де оқырманымызды қуаландырып, таныстыра отырамыз. Оның кестелі тіл өрнегіне, аз сөзге үлкен мағына сыйғызуына тәнті боласыз: «Меңің шырайлы шаңырағымда, ордалы ошағымда әкем Демесін Мақұлбекұлынан, анам Ұлтұған Жаршабайқызынан тараған алты бала тай-құлындай тебісіп, бір қазаннан ас ішіп, бірге өстік». Көрдіңіз бе, автор жалғыз сөйлемге бір әулеттің тағдыры мен ұлағатын қалайша шебер киноластырып сыйғызып жіберген!

Ал енді Бағлан Демесінұлының туған жері туралы сипаттамасын оқып отырғанда, Жетісу өңірін неге «Жер жәннаты» деп атағанына көзіңіз жете түседі. Туған жерін бұлайша іңкәрлікпен, ыстық махаббатпен сүйе білу де биік парасаттылық пен кісілік қасиеттің жоғарылығынан болар! Автор бір кездегі жайнаған, гүлденіп тұрған туған ауылының бұл күндері жұрнағы да қалмағанын үлкен өкінішпен сыр қылып шерте отырып, өзінің балалық қиялында, ертеден берік орныққан туған топырағы туралы былайша толғанады: «Қыс тоңы жібіп, көктем күні шуағын шашқанда Сарыойым ерекше құлпытатын. Жерге түкті кілем төсеп қойғандай, жасыл желекке тұнған дала сені құшағына баурап алып, жұпар иісімен жұбатып мерейінді өсіретін. Мауқыңды басып, бір жасап қаласын. Шалғынына сүрініп, туған жермен шұрқырап табысқандай күй кешесің. Беткейдегі «Қызыл-бастау» бұлағының тамшысы зәмзәм суындай тәтті, қымыздай құнарлы еді.

Ақтекше ауылы табиғаты тамаша Шаған тауының етегінде орналасқан. Шүбәсіз, бұл тау талай ғасырдың, талай ғаламат оқиғалардың куәсі болған шығар. Шындарының шырайына көз тоймайтын, төл табиғаттың ерке перзентінің бірі. Бүгінде жасыл жайла-



ЗАҢГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН ҚАЛАМГЕРЛІКПЕН ҰШТАСТЫРҒАН АРДА АЗАМАТ

уы жаныңның сарайындай, бетегелі белдері даланың айдынындай, жусанды жоталары жұмыр жердің кіндігіндей, салалы сайлары сағыныштан туған әсем ән сияқты елестейді маған. Шаған тауының шапағатын түсіну, мойындау қажет. Сонда ғана сен осы таудың тасының бір үгіндісі екенінді, сағыныштан тас жүректен де жас таматынын шын түсінесің...».

Автордың сөз саптасынан бір кездегі берекесі тасып, ырысы шалқыған ауыл-аймағының бұл күні ыдырап, жүдеп-жадағанына өкінетіні сезіліп тұрса да, елі мен топырағының адал перзенті болып қалғанына сүйсінесің; елі мен жері оған жақсылығымен де, басына түскен қиындығымен де, ауырталық- трагедиялық қалпымен де қымбат екен! Топырағына адалдық деген осы болар!

Бұл кітап қарапайым заң адамының емес, кәдімгі сөз зергері дерлік қарымды қаламгер әңгімесін оқып отырғандай әсер қалдырды. Бағлан ағамыз заңгер болмаған күнде, соңына түссе, еліміздің бір үлкен қабырғалы қаламгері ретінде қоғамнан ойып тұрып орын аларына көзім жетті.

Ал енді оның ата-ана туралы толғанысы өз алдына жеке тақырып. Әрине, бәріміз үшін әке-шешенің орны бөлек, ешқайсымыз ата-анамыздың қадір-қасиетін ешкімнен төмен санамасымыз анық. Дегенмен, мәселе сол ата-ана қадірін қалай түйсініп, қалайша сипаттап жеткізуде болса керек. Мысалға Бағлан ағамыз өз әкесінің жас кезінен білім алуға ұмтылып, Жаркент педучилищесін бітіріп келіп, небары он сегіз жасында ұстаздық жолын бастағанын, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, Берлинге дейін жеткенін, соғыстан кейін одан әрі талпынып Алматының Абай атындағы пединституты-

салған сары майы, аузыңнан дәмі кетпейтін құрты, сілекейің шұбыратын көженің суы бүкіл ауылдың аңсайтын тағамы еді...» деп жеткізеді.

Байқайсыз ба, автор анасының қасиетін қасиетті қара шаңырақ – қараша үйінің берекесіне балайды, тіпті, өз шаңырағының ғана емес, бүкіл ауыл-аймағының құты деп санайды. Міне, қазақ аналарының көкейімізде мәңгілікке орныққан асыл образы дегеніміз осы! Қазақ баласының көкірегіңде қалыптасқан ұғымдарды өз жүрегіңде аялаған автор одан әрі: «Атыңнан айналайын, асыл Анам... Сенің ұллығыңның, данышпандығыңның, мейірімнің шегіне жете алмадым-ау. Жетуге, түсінуге тырыссам да қолымнан келмеді. Себебі ұллықтың да, даналықтың да құндылығы терең екен. Сенің мейіріміне шомылып жүріп өскеніміз – біздің баянды бақытымыз, өмірлік сыбағамыз болды. Өзімізше, «анамызға жақсылық жасадық, ренжіткен жоқпыз» деп күпінеміз. Пенделік қой. Ананың ақ сүтінің актауына жарамаған басымызды қайда сыйдырамыз? Енді кімнен кешірім сұраймыз, кімнен мейірім күтеміз, білмеймін. Біз анамыздың өмір өткелдерінде көрген, бастан кешкен қиындықтарының бір мыскалын да көрген жоқпыз. Ауырлықтың бәрін Анамыз өзі көтерді, қалғанын өзімен бірге ала кеткендей. Өкінгеннен не пайда, өксігеннен не пайда...» деп толғанады.

Осы бір ана туралы сипаттама толғанысты анасын сүйетін, сағынатын әрбір қазақ перзентінің көкейіндегісін тап басқан жүрек сыры деп қабылдадым. Оның ана қасиетін даналыққа, ұллыққа теңеуді де нанымды. Бұл – анасына деген шексіз сүйіспеншілік, қылаусыз махаббат белгісі! Меніңше, адамдық қасиет – нақ осы шексіз махаббаттан бастау алмақ!

Иә, ұшқан ұясынан көргені мол, алыс көкжиектерге көз тіккен, көкірегі кең, сарайдай шарапатты Бағлан ағамыздың, тағдыр жолының, тағылымға толы болмауы мүмкін емес. Сол ұлағатты іздері сыршыл тұындыларында тұнып тұр. Біз тілектес ниетпен соған қуандық. Бұл дегеніміз өз жолының, қалдырған ізінің, зая кетпегеніне, болашаққа ұлағат болып қалуға қақысы бар екеніне сенімділік, рухтың, қуаттылығы болса керек.

тында оқып, ұстаздық жолын өрбіте түсіп, туған еліне қызмет етіп, ешкімге міндетсінбей, қарапайым қалпында қалып, кісілігін жоғалтпағанын сипаттай отырып, әке қадірінің жоғары бағандығын ортасымен байланыстыра, нанымды әрі әсерлі өрбітеді. Кітапта ешқандай әке қасиетін асыра дәріптеу жоқ. Өкенің орнын тану, бағалай білу бар. Бірақ баласының әкеге деген қылаусыз құрметі жүрек қозғарлықтай сырлы, аяулы.

Ал әке алдында именіп өскен перзенті, бар махаббаты мен мейірімін төккен ана алдында ағыл-тегіл сезімін, шексіз махаббатын жасыра алмайды, жүрегі жырлап қоя береді, онысы да нанымды, тартымды. Шынында да, асыл ананың махаббатының алдында бәріміз де дәрменсізбіз. Бағлан Демесінұлы анасына деген перзенттік махаббаты мен сағынышын: «...Бізді асыраған қараша үйдің берекесі еді. Менің анамның ақ тоқашы, қарынға

тының бос лауазымында стажерліктен бастаған, бір жылдан соң, облыстық соттың мүшесі ретінде 1986 жылға дейін қызмет атқарған, әрі қарай 1989 жылға дейін Талдықорған облысы, Талдықорған аудандық сотының судьясы, одан кейін 1994 жылға дейін Талдықорған облыстық соты төрағасының орынбасары, Талдықорған облыстық әділет басқармасының бастығы болды. 1997 жылдың ортасына дейін Талдықорған облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы, Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы, Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы, Қостанай облыстық сотының төрағасы қызметін адал атқарды. 2012 жылы маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болып тағайындалды. Осы қат-қабат, қарбалас қызметтер арасында ғылыми

ізденіс жасап заң ғылымдары кандидатығын қорғаған. Сондай-ақ, «Конституцияға 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы» мерекелі медальдарымен, «Үш би» құрмет белгісімен және «Құрмет» орденімен марапатталған.

Бағлан Демесінұлының туған еліне деген қызметі тек заңгерлік асу жолымен, баспалдақ-белестерімен

сымен өзінің 70 жылдық мерейтойына сый жасағандай. Несі бар, өте лайықты тарту! Оның бұл абыройы еңбегі үшін біз де қуаныштымыз.

Осы арада, жоғарыда аталған тағы бір жемісті еңбегі «Сот жүйесінің көкжиегі» кітабы да ізденіспен тартымды жазылғанын атап өткен жөн. Әрине, бір мақала шегінде екі кітапты қатар талдау қиынсыз болар. Тек біз сол кітабына енгізілген ҚР Жоғарғы Сотының бас маманы Алма Түсіпбекованың: «Ел қатарлы өмір сүру бір бөлек, ал артына із қалдырып, азамат болып өту бір басқа. Ертеңін ойлаған адам өмірді бүгінмен емес, болашақпен өлшейтіні сондықтан болса керек. Өмірдегі әр қадамын халықтың пайдасына жарайтын жасампаз іспен түйіндеп отырған Бағлан Мақұлбековты мен сондай көрген азаматтардың қатарына қосар едім. Қазылық етуге өз өмірінің отыз екі жылын арнаған Бағлан Демесінұлы ҚР Жоғарғы Со-

тының судьясы, заң ғылымдарының кандидаты, шебер публицист, кәсіби заңгер. Ең бастысы, «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады» дегендей, өмірдің өзі шыңдаған азамат...» деген жүрек тебіренерлік пікірімен өз ойымызды түйіндегенді дұрыс көрдік.

Иә, ұшқан ұясынан көргені мол,

*Ата-анасын, қасиетті елі мен жерін құлай сүйген азамат
тұңз жолмен өсіп, қалыптасады, оның жөргегінен бастап алған
адамшылық, қасиеттері азаматтық, қадам жасауына мұрындық
болады, алдына үлкен мақсат-мүдде қоюына себепші болмақ.
Міне, Бағлан Демесінұлының, өзі таңдаған заңгерлік жолындағы
абырой, беделге ие болуының да түп-төркіні осы ұшқан ұясынан
алған өнегесінде жатқанына құжәніміз жоқ.*

өлшенбесе керек. Ол осы жылдарда негізгі қызметімен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Әсіресе, ардақты судья Әділ Құрықбаев ағамызбен бірігіп тіл жанашыры ретінде аса ауқымды жұмыс атқарғанын айрықша атап өтер едік. Ана тіліміздің мәселесі күн тәртібінде жиі қаралып жатқан шақта ол ешқашан үнсіз қалмады, жаны шырқырап күйіп, шынайы тіл жанашыры екенін айқын дәлелдеді.

Бағлан Демесінұлының тағы бір қоғамдық қызметі, мемлекеттік баспаларда, еліміздің заңы мен соты тұрарсында кеңінен мағлұмат беретін энциклопедиялық көлемді кітаптар жарыққа шығып жатқанда да жарқырап танылғанына куә болдық. Атап өтер болсақ, әріптесіміз «Қазақстандағы сот билігі» /Жоба жетекшісі әрі авторы Қ.Ә. Мәми/ атты энциклопедиялық көлемді жобаның редакциялық алқасына енген болатын. Сөйтіп ол Қазақстандағы заңнамалық шежіренің қалыптасуына зор үлесін қосып, бұл бағытта көрнекті еңбек сіңірді. Сондай-ақ, Мақұлбеков «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты» фото кітабын жүзеге асырушылардың бірі.

Автордың өмірбаянын тізбелеп шыққандай болсақ та, мұның артында қаншама төгілген тер, қаншама ұмтылыс, жігер мен талап, сарсылған ізденіс жатқанын әрқайсысымыз түйсінгеніміз анық. Жоғарыдағы өз кітабында мұң аралас сыр төккеніндей, қадірлі әке мен ана оның бұл жемісті жолдарына куә бола алмаған шығар, осы күнгі биік абыройына көздерін жеткізе алмаған шығар, бірақ әруақтары сезіп, разы болатындығы сөзсіз.

Бағлан Демесінұлының «Әділетке барар жолда» кітабының биыл «Фолант» баспасынан шыққаны автордың өзі үшін де, судьялар қауымы үшін де үлкен қуаныш. Соған орай ағамызға өз атымнан айрықша ризашылығымды білдіргім келеді. Бағлан аға кітабы шыға салысымен қуанышын жасыра алмай, қолтаңбасын жазып маған ұсынды. Алғысымды айтып, кітап мұқабасының ішкі бетіне үңілсем, қысқаша ғана ізгі тілегін білдірген екен: «Бауырым Досеке. Осы еңбегімді қабыл ал. Жолың ақ, таза болсын. Ізгі ниетпен, Бағлан Демесінұлы» деп қол қойыпты. Мынадай жүрекжарды сезімге толы, адамдық ізгіліктен сыр шертер еңбекті қалай қабылда-масқа?! Автор бұл көрнекті туынды-

алыс көкжиектерге көз тіккен, көкірегі кең сарайдай шарапатты Бағлан ағамыздың тағдыр жолының тағылымға толы болмауы мүмкін емес. Сол ұлағатты іздері сыршыл туындыларында тұнып тұр. Біз тілектес ниетпен соған қуандық. Бұл дегеніміз – өз жолының, қалдырған ізінің зая кетпегеніне, болашаққа ұлағат болып қалуға қақысы бар екеніне сенімділік, рухтың қуаттылығы болса керек.

Ал енді ел ағасына айналған мәртебелі заңгердің отбасы туралы да бірер жылы лебіз білдіре кеткеніміз жөн болар. Және бұл ниетімді де ағамыздың аталмыш кітабындағы өз сөзімен түйіндегенді дұрыс көрдім, сірә, ағамыздың өз жүрегінен шыққан лебізден асырып ештеңе айта алмаспын: «Айтпақшы, Доскенмен 1976 жылдың мамыр айында танысқан едік. Сол таныстық біздің тағдырымыздың бағдаршамындай болып, жастық шақтың жасыл жалауын бірге желбірткен өмірлік серікке айналдырды... «Сұлу-сұлу емес, сүйген – сұлу» деген сөздің шындығына сол кезде анық көз жеткіздім. Өз өмірімді басқа жанмен елестету мүмкін емес еді. 1981 жылдың 5 қыркүйегінде үйлену тойымыз өтті. Тәңірдің жазуына шүкір дейміз. Ұлымыз Біржан, қыздарымыз Гүлшат пен Лаура дүниеге келді. Немерелеріміз Айбике, Жания, Дамели, Бағдат, Асыл-Дана, Дариялар шаңырағымыздың мәні мен сәніне айналды.

Өмір жолымда әділеттен айнымай, өз жолымды табуыма Доскеннің қолдауы ерекше болды. Ақылға ақыл қосып, берекемізді арттырып, дастарханымыз жылмайтын, үйімізден қонақ үзілмейтін берекелі шаңыраққа айналдыруға үлкен үлес қосты. Менің абырой биігіне, қызмет мінберіне көтерілуіме де жан-тәнімен қолдау көрсетті...».

Отбасының ешқандай өлшемге сыймайтын бақыты, шаңырақ шаттығы, жар қадірі, өсіп-өнген ұрпақ туралы махаббатпен жеткізе білуі – Бағлан Демесінұлының зор адамдық келбетін айқындаса керек. Олай болса, Бағлан Демесінұлының ұлағатты жетпіс құтты болсын дейік. Өзінің дені сау болып, отбасылық бақыты, көрер қызығы таусылмасын. Ұлағатыңызбен айналаңызға шуақ шашып, өнеге жайып, жасай беріңіз, қадірлі аға!

**Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар
одағының төрағасы**

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АШЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз етуде қауіпсіздік жағдайына баса мән берілуі мемлекеттің де мызғымас беріктігі мен дамуының көпілі десек қателеспейміз. Ал оны жүйелі әрі сапалы қорғаудың ең тиімді жолы – құқық қорғау органдары мен халық арасындағы сенім мен ашық диалог екені рас. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бүгінде ішкі істер органдары жұмысының басты қағидаттарының біріне айналды. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың бірі ретінде Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығы Мұхтар Қожаевтың Абай ауданы тұрғындарымен өткізген ашық кездесуін атап өткен жөн.



Бұқара халық Полиция департаментінің бастығымен бетпе-бет кездесуді көптен бері асыға күткен болса керек. Бозарық, Асар және Шымсити шағынаудандарының тұрғындарымен өткен кездесуге жалпы саны жүзге жуық азамат қатысты. Жиын барысында қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, интернет-алаяқтықпен күрес, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін арттыру мәселелері кеңінен талқыға түсті.

Шаһар тұрғындарымен өткен бұл кездесу есеп беру сипатындағы жиыннан гөрі еркін пікір алмасу алаңына айналғанын атап өткен жөн. Тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерді тікелей полиция департаментінің бастығына жеткізіп, жол қозғалысын ұй-

ымдастыру, учаскелік полиция инспекторларының жұмысы, қоғамдық тәртіпті сақтау, жаңа шағынаудандардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру жөніндегі ұсыныстары мен пікірлерін алға тартты. Әрбір көтерілген мәселеге жан-жақты түсіндірме беріліп, барлық өтініштер бақылауға алынды.

Қауіпсіздік халықтың сенімі мен билік өкілдерімен арадағы тұрақты диалогтан басталады. Өйткені өз аумағындағы өзекті мәселелер мен жылдар бойы қордаланып шешуді қажет ететін түйткілді жағдайларды ең алдымен сол жердің тұрғындары ғана жақсы біледі. Біздің міндетіміз – әрбір өтінішке құлақ асып, оған жедел ден қою және тұрғындармен бірлесіп, қауіпсіз әрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру, – деп атап өтті департамент бастығы Мұхтар Қожаев.



Тыныштық – тұрақтылық көпілі

Кездесу барысында соңғы уақытта өте жылдам таралып жатқан интернет-алаяқтықтың алдын алу мәселесіне ерекше назар аударылды. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты қылмыстың бұл түрі республика бойынша өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты Шымкент полициясы тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, алаяқтық схемаларын түсіндіруге және сақтық шараларын насихаттауға тұрақты түрде көңіл бөліп келеді. Әсіресе, мұндай жағдайға қарт адамдар жиі ұшырап жататындықтан, қарияларға түсіндіру жұмыстарын жүргізуге арнайы шаралар ұйымдастыруға баса назар аударылып келеді.

Шара барысында тұрғындар жаңа тұрғын алаптарындағы жол қауіпсіздігіне қатысты ұсыныстарын да жеткізді. Мәселен, қаланың Бозарық, Асар және Шымсити секілді қарқынды дамып жатқан шағынаудандарда көлік қозғалысының артуына байланысты жол белгілерін көбейту, жаяу жүргіншілер өткелдерін қауіпсіз ету, бағдаршамдар орнату және мектептер маңындағы қозғалысты реттеу мәсе-

лелері көтерілді. Бұл ұсыныстардың барлығы жауапты қызметтердің қарауына алынды.

Жиында учаскелік полиция инспекторларының жұмысы да сөз болды. Тұрғындар полиция қызметкерлерімен байланысты күшейту, ха-



лықпен тығыз қарым-қатынас орнату және профилактикалық жұмыстарды жандандыру жөнінде пікірлерін білдірді. Бұл бүгінгі полиция қызметінің жаңа бағыты – құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғаммен серіктестікті нығайту қағидатымен толық үндеседі.

Сенімге негізделген серіктестік

Қазіргі таңда құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігі тек ашылған қылмыстардың санымен ғана бағаланбайды. Ең маңызды көрсеткіш – азаматтардың өзін қауіпсіз сезінуі, полицияға сенімі және мемлекеттік органдармен ашық байланысының қалыптасуы, – деп толықтырды Мұхтар Қожаев.

Осы тұрғыдан алғанда Абай ауданы тұрғындарымен өткен кездесу полиция мен қоғам арасындағы өзара ықпалдастықты нығайтудың нақты көрінісі болды десек артық айтпаспыз. Мұнда көтерілген мәселелер тек бір ауданның емес, жалпы қаланың қоғамдық қауіпсіздігін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарға ұласты.

Шымкент қаласы Полиция департаменті басшысы халықпен тікелей әрі сындарлы байланыс орнатуға, азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет етуге және қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған мұндай кездесулердің алдағы уақытта да тұрақты жалғасатынын атап өтті. Өйткені қауіпсіз қоғам – құқық қорғау органдарының ғана

емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Ал сенім мен ашық диалогқа негізделген серіктестік қана құқықтық тәртіпті нығайтып, тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз өмір сүру ортасын қалыптастыра бермек.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Шымкент қаласы

БІЛГЕН ЖӨН

Қазақстанда сот төрелігін тиімді жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі – сот ғимаратындағы қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Судьялардың, сот қызметкерлерінің, сот процесіне қатысушылардың және келушілердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында соттарда рұқсатнама және объектішілік режим қолданылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨПКЕ ОРТАҚ

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына сәйкес, сот приставы сот отырысы кезінде белгіленген тәртіптің, сот ғимаратындағы қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыз етуге қатысады. Соттардың қалыпты қызметіне кедергі келтірмеу және олардың қауіпсіз жұмыс істеуіне жағдай жасау – мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Сот ғимаратындағы өткізу және объектішілік режим ішкі қағидаларға сәйкес кіру тәртібі, бақылау-өткізу пункттерінен өтуі, техникалық бақылаудан өтуі талаптары нақты айқындалған.

Қағидалардың талаптарына сәйкес, сот ғимаратына келген әрбір азамат белгіленген өткізу тәртібін сақтауға міндетті. Келушілер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады, қажет болған жағдайда техникалық бақылаудан өтеді. Сонымен қатар сот ғимаратына – атыс және суық қару; жарылғыш заттар, жарылатын құрылғылар және тез тұтанатын сұйықтықтар; уландырғыш заттар; бактериологиялық, биологиялық және химиялық заттар; радиоактивті заттар; есірткі, психотроптық заттар; жазатын құрылғылар және есептегіш техника; радиотехникалық және басқа да аппаратура (адамның ағзасына емдік немесе профилактикалық әсер етуге, не ағзалар мен ағза жүйелерінің функцияларын ауыстыруға немесе түзетуге арналған медициналық аппараттар мен жабдықтарды қоспағанда); қоңырау/

хабарлама/жауап беру функциялары бар телефондарды қоспағанда, мобильдік құрылғылар (интернет модульдері бар ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер және т.б.); ақпаратты машиналық тасымалдағыштар (флеш-карталар, USB-дискілер т.с.с.); техникалық құрылғылар, оның ішінде деректер беру, сондай-ақ халықаралық жаһандық желілерге және интернет желісіне шығу мүмкіндігі бар сымсыз құрылғылар (Wi-Fi, Bluetooth, 3G, 4G және т.с.с.) осы



заттарды алып кіруге жол берілмейді. Бұл талаптар азаматтардың құқықтарын шектеуге емес, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, сондай-ақ соттың қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сот ғимаратында қоғамдық тәртіпті сақтау әрбір азаматтың міндеті болып табылады. Келушілер сот отырысының өтуіне кедергі келтірмеуге, тыныштық сақтауға, сот приставтары мен күзет қызметкерлерінің заңды талаптарын орын-

дауға және жалпыға ортақ әдеп қағидаларын ұстануға тиіс. Бұл талаптарды сақтау сотқа деген құрметтің көрінісі болып табылады.

Сонымен қатар, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабына сәйкес, сотты құрметтемеу, яғни сот отырысы кезінде белгіленген тәртіпті бұзу, судьяның немесе сот приставының заңды өкімдеріне бағынбау, сотқа құрметсіздік білдіретін өзге де әрекеттер жасау заңда белгіленген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Рұқсатнама режимі мен объект ішілік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуде сот приставтары мен мамандандырылған күзет қызметі маңызды рөл атқарады. Олар сот ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, келушілердің белгіленген тәртіпті сақтауын бақылап, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жүзеге асырады.

Қорытындылай келе, сот ғимаратындағы рұқсатнама режимі мен ішкі тәртіп талаптарын сақтау – сот төрелігінің тиімді жүзеге асырылуының, азаматтардың қауіпсіздігінің және қоғамдық тәртіптің маңызды көпілі. Әрбір азаматтың заң талаптарын сақтауы сот билігінің беделін арттырып, құқықтық мемлекет қағидаларының нығаяуына ықпал етеді.

Ж.КАИРЛАНОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында
Сот әкімшісі басшысының орынбасары

ҚОРҒАНЫС



ӘСКЕРИ БІРЛІК ҰЛТҚА ҚАЛҚАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан қорғаныс саясаты қоғамның төзімділігін арттырумен қатар жүруі тиіс. Әлемде мұны «ұлттық орнықтылық» деп атайды. Бұл ұғым мемлекеттік институттардың ғана емес, азаматтардың, бизнестің және ғылыми қауымдастықтың да дағдарыс жағдайында үйлесімді әрекет ету қабілетін білдіреді.

Саясаттанушылардың айтуынша, алдағы кезеңде Қазақстанның қорғаныс саясаты бірнеше бағытқа ерекше көңіл бөлуі мүмкін. Олар қорғаныс өнеркәсібін жаңғырту, ұшқышсыз авиация мен роботтандырылған жүйелерді дамыту, әскери жасанды интеллектті жауапты қолдану, киберқауіпсіздікті күшейту, әскери логистика мен көлік дәліздерінің қорғалуын қамтамасыз ету, бітімгерлік әлеуетті кеңейту, әскери кадрларды халықаралық стандарттарға сай даярлау.

Қазіргі халықаралық ахуалда қорғаныс саясаты күш көрсетуге емес, қауіптердің алдын алуға, қоғамның орнықтылығын арттыруға және жауапты халықаралық ынтымақтастыққа негізделуі тиіс. Қазақстан үшін әскери ынтымақтастықтың басты мақсаты – біреуге қарсы тұру емес, елдің егемендігін сенімді қорғауға, өңірлік тұрақтылықты сақтауға және халықаралық қауіпсіздікке үлес қосуға қабілетті заманауи қорғаныс жүйесін қалыптастыру.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Заң газеті», «Юридическая газета» газеттерінде және www.zanmedia.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі аккаунттарымызда сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау шарттары мен ақысы туралы ұсынысы.

«Заң газеті» мен «Юридическая газета» газеттерінің және www.zanmedia.kz интернет-ресурсының, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі аккаунттардың меншік иесі болып табылатын «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Жарлығымен 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының саяси партияларына (бұдан әрі – Партия) сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастырудың шарттары мен ақысы туралы хабарлайды.

Сайлауалды үгіт партиялық тізімдерді тіркеу мерзімі аяқталған кезден бастап, яғни 2026 жылғы 23 шілде сағат 18:01-де басталып, 2026 жылғы 22 тамыз сағат 00:00–де аяқталады. Сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру Басылымның дауыс беру күні алдындағы «тыныштық күніне» дейін жарық көретін соңғы санында, яғни, 2026 жылғы 21 тамызды қоса алғанда жүргізіледі.

Үгіт материалдарын газет бетінде, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілердегі аккаунттарда жариялау үшін Басылымның меншік иесі мен Партия немесе оның уәкілетті өкілі арасында жасалған жазбаша шарт негізінде орналастырады. Партиялар немесе олардың уәкілетті өкілдері жариялауға ұсынылатын, белгіленген тәртіппен бекітілген үгіт материалдарының мәтіндерін жоспарланған жариялау күніне дейін кемінде үш күн бұрын ұсынуға міндетті

Газетте, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда баспа алаңын беру қазақ және орыс тілдерінде үгіттік мақалалар мен модульдерді орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Үгіттік материалдарды орналастыру үшін баспа алаңын беру туралы шарт жасауға Партия немесе оның уәкілетті өкілі Газет меншік иесі басшысының атына жазбаша өтініш береді.

Партияның немесе оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде орналастырылатын үгіттік материалдардың саны және оларды орналастырудың болжамды күні көрсетіледі. Аталған мәліметтер Газеттің есепке алу кітабына енгізіліп, кейіннен шартта көрсетіледі.

Жазбаша өтініштер Партиялардың өтініштерін тіркеу журналында келіп түсу кезектілігі бойынша тіркеледі. Әрбір өтінішке реттік нөмір беріліп, оның келіп түскен күні көрсетіледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- Партияның мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Партия өкілінің уәкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Өтініш беруші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Шарт жасасуға өкілеттік берілгенін растайтын құжаттар.

Газетте партиялардың үгіттік материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретіне сәйкес айқындалады.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен кезде өтініште көрсетілген үгіттік материалды орналастыру орны бұған дейін өтініш берген басқа партияға беріліп қойған болса не техникалық мүмкіндіктерге байланысты ұсынылуы мүмкін болмаса, Газет Партияға үгіттік материалдарды орналас­тыру үшін өзге орынды ұсынады.

Үгіт материалдары Басылымның жоспарланған жариялану күніне дейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын қағаз нұсқасында немесе кез келген USB флеш-жинақтаушыта әкеледі.

Үгіт материалдарында олардың төленгені туралы мәлімет, қаржылан­дыру көздері және ақпаратты ұсынған тұлғаның тегі көрсетілуге тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған партиялар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамаға сәйкестігі үшін дербес жауапты болады.

Ақпараттық хабарламада көзделген талаптар мен тәртіп сақталмай, тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда, Басылымда үгіт матери­алдары жарияланбайды немесе анықталған қателіктер жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Басылымның меншік иесі Қазақстан Республикасының конститу­циялық құрылысын күшпен өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық араздықты тудыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттау, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құру идеялары қамтылған үгіт материалдарын жария­лаудан бас тартады.

Басылымның меншік иесі басқа партиялардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін мәліметтер қамтылған жағдайда да үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда партия Басылым меншік иесінің талабы бойынша материалдарда келтірілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Ақпараттық хабарламада белгіленген үгіт материалдарын орналасты­ру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Басылымда үгіт-насихат материалдарын орналастыру құны:

«Заң газеті» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – қазақ тілі;
Форматы – А2;
Шығу жиілігі – аптасына 2 рет (сейсенбі және жұма күндері);
Апталық таралымы – 12 820 дана, оның ішінде:
- сейсенбі күні – 6 410 дана;
- жұма күні – 6 410 дана;
Таратылу аумағы – Қазақстан Республикасы
Газеттің ішкі беттерінде (2 және 3-беттерді қоспағанда) қара-ақ түсте мақала немесе модуль орналастыру құны – 1 (бір) шаршы сантиметр үшін 1 400 (бір мың төрт жүз) теңге, ҚҚС-пен бірге;

Газеттің 2 және 3-ішкі беттерінде қара-ақ түсте мақала немесе модуль орналастыру құны – 1 (бір) шаршы сантиметр үшін 1500 (бір мың бес жүз) теңге, ҚҚС-пен бірге;

Үгіт-насихат материалдары газеттің бірінші және соңғы беттерінде орналастырылмайды.

Басылымда үгіт-насихат материалдарын орналастыру құны: «Юридическая газета» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – орыс тілі;
Форматы – А2;
Шығу жиілігі – аптасына 2 рет (сейсенбі және жұма күндері);
Бір күндік таралымы – 6 475 дана.
Апталық таралымы – 12 950 дана.
Таратылу аумағы – Қазақстан Республикасы
Газеттің ішкі беттерінде (2 және 3-беттерді қоспағанда) қара-ақ түсте мақала немесе модуль орналастыру құны – 1 (бір) шаршы сантиметр үшін 1 400 (бір мың төрт жүз) теңге, ҚҚС-пен бірге;

Газеттің 2 және 3-ішкі беттерінде қара-ақ түсте мақала немесе модуль орналастыру құны – 1 (бір) шаршы сантиметр үшін 1 500 (бір мың бес жүз) теңге, ҚҚС-пен бірге;

Үгіт-насихат материалдары газеттің бірінші және соңғы беттерінде орналастырылмайды.

www.zanmedia.kz сайттарында үгіт материалдарын орналастыру құны

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттерінің баспа нұсқала­рында үгіт материалдары орналастырылған жағдайда, сол үгіт материалы аталған сайттарда қайталанып тегін орналастырылады.

Үгіт материалдарын тек сайттарда орналастыру құны – бос орындарды қоса есептегенде 1 (бір) таңба үшін 70 (жетпіс) теңге.

Сайттың жоғарғы бөлігіндегі (header) көлденең баннер (басты беттің жоғарғы жағындағы слайдерде орналастырылады) – 24 сағатқа 40 000 (қырық мың) теңге.

Басты беттің ортаңғы бөлігіндегі көлденең баннер (басты беттегі негізгі контент блогынан кейін орналастырылады) – 24 сағатқа 30 000 (отыз мың) теңге.

Сайдббардағы шаршы немесе тік төртбұрышты тік баннер (басты бет­тің оң жақ бағанының ортаңғы бөлігінде орналастырылады) – 24 сағатқа 20 000 (жырма мың) теңге.

Сайттың төменгі бөлігіндегі (footer) тік баннер – 24 сағатқа 15 000 (он бес мың) теңге.

Көрсетілген бағаларға қосылған күн салығы (ҚҚС) енгізілген.

Әлеуметтік желілердегі аккаунттарда үгіт-насихат материалда­рын орналастыру құны:

- Instagram әлеуметтік желісіндегі жарияланым – 30 000 теңге.
- TikTok әлеуметтік желісіндегі жарияланым – 30 000 теңге.
- Telegram мессенджеріндегі жарияланым – 30 000 теңге.
- Facebook әлеуметтік желісіндегі жарияланым – 30 000 теңге.

Көрсетілген бағаларға ҚҚС (қосылған күн салығы) енгізілген.

Орналастыруға қабылданатын баннерлерге қойылатын техника­лық талаптар:

Орналастыру үшін дайын баннерлер келесі форматтарда қабылдана­ды: GIF, JPEG, PNG.

Баннердің көлемі 150 Кб-тан аспауы тиіс.

Анимациялық GIF-баннердің ойнату жылдамдығы секундына 5 кадр-дан аспауы тиіс.

Баннердегі кескіндер сапалы әрі анық болуы, мәтіні оқуға ыңғайлы болуы тиіс. Бұлыңғыр немесе сапасыз кескіндерді пайдалануға жол берілмейді.

Жыпылықтайтын элементтерді, жыпылықтайтын фонды және пай­даланушының назарын шамадан тыс аударатын өзге де тітіркендіргіш визуалды әсерлерді қолдануға тыйым салынады.

Әлеуметтік желілерде жариялауға арналған техникалық талаптар

Instagram және TikTok платформаларындағы жарияланымдарға қойылатын талаптар:

Сурет өлшемі – 1350×1080 px (4:5). Аккаунттың негізгі бетінде қаралған кезде сурет 1080×1080 px (1:1) форматында көрсетіледі. Бір жарияланымда 10 суретке дейін («карусель» форматында) орналастыруға болады.

Жазбаның ең көп ұзындығы – 2 200 таңба (бос орындарымен бірге).

Reels форматына ұзақтығы 1 минутқа дейінгі бейнелерді жүктеуге болады. Ұсынылатын көлемі – 1080 × 1920 px (9:16).

* Қолдау көрсетілетін форматтар – MP4, MOV.

* Назар аударыңыз: Reels таспасында бейне 1920 px-ден 1350 px-ге дейін қиылып көрсетіледі, ал аккаунттың жалпы торында 1080 × 1080 px форматында бейеленеді.

Telegram-арнасы және Facebook платформаларындағы жарияланымдарға қойылатын талаптар:

Қолдау көрсетілетін форматтар – JPEG, PNG.

Бір жарияланымға 2 суретке дейін орналастыруға болады.

Жарияланымның ең көп көлемі – 1 024 таңба (бос орындарымен бірге).

Суреттің ені кемінде 1280 px болуы тиіс.

Қолдау көрсетілетін форматтар – MP4, MOV, GIF. Файлдың ең үлкен көлемі – 20 МБ.

Жарияланым сипаттамасына: хэштег; сыртқы сілтеме;

Telegram-арнасындағы кез келген арнаға, чатқа немесе пайдаланушыға сілтеме (mention) қосуға болады.

Жасалған шартқа сәйкес үгіт-насихат материалдарын орналастыруға ақы Басылымның меншік иесі ұсынған төлем шоты негізінде, шот ұсы­нылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде төленеді.

Жазбаша өтініштер Басылымның меншік иесі тарапынан 2026 жылғы 22 шілде, сағат 09:00-ден бастап 2026 жылғы 20 тамыз, сағат 13:00-ге дейін қоса алғанда, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68 «Б».

Факсимильдік байланыс және интернет арқылы жолданған жазбаша өтініштер қабылданбайды.

ТАРАТУ

2. «Юбилейная, 5 Н» пәтер иелері кооперативі (БСН 150440014836) өзінің таратылатыны туралы хабарлай­ды. Несие берушілердің талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Ж. Қизатов көшесі, 5Н үй. Тел. 8 777 038 93 77.

3. «Возрождение-2» пәтер иелері кооперативі (БСН 980740004139) өзінің таратылатыны туралы хабарлай­ды. Несие берушілердің талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Жамбыл атындағы өткел, 1Г үй. Тел. 8 775 751 12 06.

4. «Markh Construction Group» ЖШС (БСН 201140022197) (ҚР, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 10А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары хабарландыру жария­ланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 162-үй, 201-кеңсе. Тел. +7 701 555 54 92.

6. «РенСбытМаш» ЖШС (БСН 100840014326) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050009, ҚР, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Ислам Каримов көшесі, 164-үй. Тел. +77772411768.

7. «Finbox» микрокаржы ұйымы» ЖШС (БСН 150940005022) 2021 жылғы 5 наурыз­дағы №02.21.0009.М микроқаржылық қызметті жүзеге асы­руға арналған лицензиясының қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды (2026 жылғы 16 шілдедегі қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысының №4 хаттамасы). Қолданыстағы шарт­тар бойынша қарыз алушылардың міндеттемелері өз күшінде қалады және төлем кестесіне сәйкес өтелуге тиіс. Өтініштер мына мекенжай бойынша қабылдана­ды: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85. Тел. +7 707 307 25 50, эл. пошта: info@finbox.kz.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Алмас» шаруашылық жүргізу құқығын­дағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ҚР ҰҚК «Алмас» РМК) (БСН 010740004356) Астана қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина көшесі, 16-гима­рат, Маңғыстау облысы бойынша орналасқан ҚР ҰҚК «Алмас» РМК өкілдігінің (мекенжайы: Жаңаөзен қа­ласы, Сәтбаев көшесі, 3-гимарат, (БСН 141142014193) таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар ха­барландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қала­сы, Күйші Дина көшесі, 16-гимарат. Тел. 8 (7172) 57 70 31 (ішкі 701).

9. «KUANYSH Construction» ЖШС (БСН 230540011238) (Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 19-үй, 78-пәтер), осы арқылы Серіктестікті ерікті түрде тарату туралы шешім қа­былданғанын хабарлайды. Несие берушілердің та­лаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады: kuva160890@gmail.com. Тел. 8 778 999 75 72.

10. «Centrum Copper» ЖШС (БСН 250740035404) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Та­лап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабыл­данады: Астана қаласы, Тілендиев даңғылы, 38. Тел. 87011797567.

12. «Erke express» ЖШС (БСН 250540020357) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауыл­дық округі, Қаржан ауылы, Қ.Мырзабеков көшесі, 9-үй, индекс 160300.

13. «Мир Пресс» ЖШС (БСН 981040000788) жа­былғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар ха­барлама шыққаннан соң екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Өтеген батыр көшесі, 76а үй.

ӘРТҮРЛІ

5. Астана қаласының мамандандырылған аудан-аралық экономикалық сотының (МАЭС) судьясы А. Өтегенованың 2026 жылғы 7 шілдедегі ұйғары­мымен «Әскери Құрылыс» АҚ-ны (БСН 111240010425) оналту туралы іс қозғалды. Мекенжайы: Астана қа­ласы, Қабанбай батыр даңғылы, 6/1, 43-кеңсе, «Каскад» бизнес орталығы. Тел. +7 707 808 70 07.

Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақ­мола облысының Судьялар қауымдастығы Ақмола облыстық сотының судьясы Әскербек Бейсенбекұлы Жакулинге анасы Айман Сердәліқызы Жакулинаның қайтыс болуына байланысты, қайғысына ор­тақтасып, көңіл айтады.
--

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтол­қын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www. infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қой­келді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький ко­шесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек­тор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Жел­тоқсан көшесі, 1-гимарат, Заң департа­менті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераши көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай кө­шесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

ЖЕР- ЖАҢАН

БЕЙМЕЗГІЛ КЕЗЕҢДЕГІ БІТІМГЕРЛІК БАСТАМАЛАР

Соңғы бірнеше жылда халықаралық қатынастар жүйесі түбегейлі өзгеріп келеді. Әлем бір мезгілде әскери қақтығыстардың, геосаяси текетірестердің, санкциялық текетірестердің, азық-түлік және энергетикалық дағдарыстың, киберқауіптердің, климаттық өзгерістердің және көші-қон ағындарының қысымын бастан өткеруде. Осындай жағдайда мемлекеттердің қауіпсіздігі енді тек әскери әлеуетпен өлшенбейді. Бүгінде дипломатиялық бедел, сенімді серіктестік және бейбітшілікке үлес қосу да ұлттық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Қазақстан дәл осы бағытта өзін жауапты халықаралық әріптес ретінде танытып келеді. Біздің еліміз бейбітшілікті тек сыртқы саясаттың ұраны ретінде емес, ұлттық даму стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Қазақстан ұзақ жылдар бойы ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан мемлекет ретінде халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие болды. Бұл тәжірибе еліміздің кейінгі дипломатиялық бастамаларына негіз қалады. Бүгінде Қазақстан БҰҰ аясындағы бітімгерлік миссияларға қатысып қана қоймай, өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды алаңдардың біріне айналып отыр. Мәселен, Қазақстан Сирия мәселесі бойынша келіссөздер өткізді, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті дамытуға үлес қосты, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін тұрақты түрде ұйымдастырып келеді.

Қазіргі таңда қауіп тек қарулы қақтығыстармен шектелмейді. Сарапшылардың айтуынша, бүгінде Қазақстан үшін де мынадай – трансшекаралық тер-

роризм, діни экстремизм, заңсыз көші-қон, есірткі тасымалы, кибершабуылдар, жасанды интеллектті әскери мақсатта пайдалану, ақпараттық манипуляциялар, су қауіпсіздігі, трансшекаралық өзендерді пайдалану мәселелері өзекті. Бұлар жахандану кезеңі алға шығарып отырған жаңа сын-қатерлер. Бұлардың әрқайсысына айрықша маңыз беріп, сыртқы саясаттың басты басымдықтарына айналдыру керек. Өйткені, бұрын мемлекеттер танк пен зымыран арқылы қауіпке ұшыраса, бүгінде бірнеше сағатқа созылған кибершабуыл тұтас мемлекеттік жүйелердің жұмысын тоқтатуы мүмкін.

Жалпы Қазақстанның қауіпсіздігі көрші мемлекеттердің тұрақтылығымен тікелей байланысты. Орталық Азия бүгінде әлемдік державалардың геосаяси мүдделері түйіскен кеңістікке айналып

отыр. Сондықтан Қазақстан өңірдегі барлық елмен сенімді әріптестікті сақтауға мүдделі. Мұнда су ресурстары, энергетика, көлік дәліздері, шекаралық қауіпсіздік және Ауғанстандағы жағдай ерекше маңызға ие. Қазақстан дәл осы мәселелерде диалогты таңдауы арқылы өңірлік тұрақтылықтың тіректерінің біріне айналып келеді.

Сарапшылар соңғы жылдары халықаралық саясатта «орта державалардың дипломатиясы» күшейгенін жиі айтады. Қазақстан осы санаттағы мемлекет ретінде ірі державалардың арасында тепе-тең саясат жүргізіп келеді. Еліміз ешқандай әскери блоктардың қарсыласу алаңына айналмай, барлық әріптеспен тең құқықты ынтымақтастық орнатуға ұмтылады. Бұл көпвекторлы саясаттың өміршеңдігін дәлелдеп отыр.

Бейбіт саясаттың экономикалық маңызы да зор. Инвесторлар үшін ең басты көрсеткіштердің бірі – саяси тұрақтылық. Қазақстанның халықаралық беделі артқан сайын шетелдік инвестиция тартуға, жаңа көлік дәліздерін дамытуға және логистикалық хаб ретіндегі әлеуетін күшейтуге мүмкіндік көбейеді. Сондықтан бітімгерлік саясат сыртқы саясаттың ғана емес, экономикалық қауіпсіздіктің де маңызды факторы саналады.

Саясаттанушылардың айтуынша, алдағы жылдары Қазақстан халықаралық бастамаларды жаңа мазмұнмен толықтыра алады. Олар киберқауіпсіздік бойынша өңірлік келісімдер жасау, жасанды интеллектті жауапты пайдалану жөніндегі халықаралық диалогқа қатысу, су дипломатиясын дамыту, гуманитарлық дипломатияны күшейту, БҰҰ бітімгерлік операцияларындағы қазақстандық әскери қызметшілердің кәсіби әлеуетін кеңейту, жастар дипломатиясын дамыту.

Қазіргі әлемде бейбітшілік – тек соғыстың жоқтығы емес, – тұрақты экономика, сенімді дипломатия, ақпараттық қауіпсіздік, су мен азық-түлік қауіпсіздігі, технологиялық тәуелсіздік және халықтардың өзара сенімді айрықша маңызды. Қазақстан осы жаңа түсінікті халықаралық деңгейде ілгерілетіп келе жатқан мемлекеттердің қатарында. Сондықтан жаһандық бітімгерлік бастамаларға қатысу еліміздің халықаралық беделін арттырып қана қоймай, ұлттық қауіпсіздік пен ұзақ мерзімді дамудың берік негізін қалыптастырады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

«ҚҰНАНБАЕВ КУБОГЫ»

Го ойнайтын қазақстандықтар саны соңғы 2-3 жылда күн санап өсіп келе жатыр. Қазақстан го мектебінің директоры Ринат Амангелдінің сөзіне қарағанда, 2023 жылдан бері елімізде 5200-ге жуық адам бұл зияткерлік ойынының әліппесімен танысып, өз білімін жетілдірген. Стратегиялық үстел ойыны деген атауға ие болған го екі ойыншыға арналған. Ойыншылардың шаршы тақта бетіндегі айқасының басты мақсаты – қарсыластың тастарын қоршап, тақтаның үлкен бөлігін бақылауға алу.

Қазақстан Го федерациясының президенті Ерлан Баймұхаметовтың айтуынша, го ойыны елімізде жеке спорт түрі ретінде әлі тіркелмеген. Бірақ оның әлеуеті өте мол. Өйткені мұнда ешкім адамның жасына, жынысына, кәсібіне, біліміне қарамайды. Мұнда барлық адам тең. Әркім өзінің ақылы мен біліміне ғана сүйеніп, дербес шешім қабылдайды.

Го ойынындағы шеберлік кү және дан дәрежелерімен өлшенеді. Ойыншы өзінің шеберлігін шындау арқылы дәрежесін үздіксіз жетілдіріп отырады. Мәселен, Қазақстанда республикалық Го федерациясы 2010 жылы құрылып, Алматы мен Қарағандыда алғашқы го клубтары ашылды. 2012 жылы Қазақстан Го федерациясы Халықаралық Го федерациясына (IGF) және Еуропалық Го федерациясына мүше болып қабылданды. 2015 жылдан бастап елімізде республикалық деңгейдегі түрлі турнирлер ұйымдастырылып келе жатыр. Өйтсе де балалар мен ересектерді жүйелі түрде баулитын алғашқы го мектебі елімізде бірінші болып 2023 жылы Ал-

Қазақстанның ең үздік ойыншылары қазіргі таңда әуесқойлық деңгейде. Ал кәсіпқойлардың 1-ден 9-ға дейінгі ең жоғары кәсіби дәрежесін білдіретін данды NihonKi-in (Жапония) сияқты тек арнайы кәсіби ұйымдар ғана береді.

Қазақстан әуесқойлар арасындағы дан дәрежесіндегі ойыншылар саны жағынан Орталық Азияда көшбасшы болғанымен, го ойынын XX ғасырдың ортасынан бастап дамытып отырған Еуропа елдерінің деңгейіне әлі жете алған жоқ. Румыния, Франция, Германия секілді еуропалық елдерде әуесқойлық 6-7 дан дәрежесі бар ойыншылар ғана емес, ресми түрде кәсіпқой атанғандар да бар. Мысалы, Қазақстандағы әуесқойлар арасындағы ең жоғары дәрежеге ие болғандар ішінен Асқар Құнанбаев, Ерлан Баймұхаметов, Дамир Ганеев, Алексей Фомин (4 дан), Сергей Дивисин, Ринат



гы» (Kunabaev Cup) – қазір халықаралық деңгейдегі үлкен жобаға айналып отыр.

Қазақстан Го қауымдастығының президенті Ерлан Құнанбаевтың сөзіне қарағанда, алғашқы турнирдегі ойыншылар негізінен жергілікті және көршілес елдерден жиналды. Бытырдан бері бұл турнир дәстүрлі түрде Алматы облысындағы «Сегіз көл» демалыс орнында өткізілуде. Бытыр 26-28 қыркүйек күндері ұйымдастырылған II «Құнанбаев кубогына» қазақстандықтардан бөлек Қырғызстан, Ресей, Корея және Жапониядан да ойыншылар қатысты. Онда тәжірибелі корейлік ойыншы бас жүлдені иеленіп, турнир чемпионы атанды. Ал Жапония, Қазақстан мен Қырғызстан ойыншылары жүлдегерлер қатарынан көрінді. Биыл енді 16-19 шілде аралығында өткен III «Құнанбаев кубогына» көршілес Өзбекстан мен Қырғызстаннан бөлек, Корея, Қытай және БАӘ елдерінен де ойыншылар келді.

«Менің ендігі арманым «Құнанбаев кубогының» жұлде қорын 1 млн АҚШ долларына жеткізу. Егер біз бұл мақсатқа қол жеткізетін болсақ қатысушылар саны еселесер еді. Мұндай ынталандыру шарасы еліміздегі го ойыншыларының қатарын толықтырып, салауатты өмір жолын таңдаған тұрғындардың дұрыс таңдау жасауына жол ашары анық», – дейді Ерлан Құнанбаев.

Әуесқойлар арасындағы әлем чемпионаты (WAGC) ең алғаш рет 1979 жылы Токиода өткен болатын. Халықаралық Го федерациясы ұйымдастыратын бұл жарысқа әр елден тек бір ғана ең мықты әуесқой ойыншы қатыса алады. 2025 жылы бұл чемпионат өз тарихында тұңғыш рет Азиядан тыс аймақ Канадада (Ванкувер) өтіп, 52 елден қатысқан ойыншылар арасынан қытайлық Ма Тяньфан жеңімпаз атанған еді. Оған Қазақстаннан белгілі бір себептермен ешкім қатысқан жоқ. Биыл 46-рет өтетін әуесқойлар арасындағы әлем чемпионаты 6-13 қыркүйек күндері Кореяның Мунгён қаласында ұйымдастырылмақ.

Осы арада бұл байрақты бәсекеде ел намысын қорғаған ойыншылардың кейбірі атай кеткен жөн шығар. 2013 жылы Жапонияның Сендай қаласында өткен 34-чемпионатта Александр Бух «Жігерлілігі үшін» жүлдесімен мара-

патталған болатын. Ал 2021 жылы Ресейдің Владивосток қаласында (ковид шектеулеріне байланысты онлайн форматта) өткен 41-чемпионатта Дамир Ганеев, 2023 жылы Қытайдың Шэньчжэнь қаласында ұйымдастырылған 43-чемпионатында Сергей Дивисин және 2024 жылы 44-чемпионатта Ринат Амангелді бақ сынап келді.

Осы арада айта кететін бір жәйт кәсіби шеберлер арасындағы ресми әлем чемпионаты жоқ. Олар (9-дан шеберлері) негізінен Қытай, Жапония, Оңтүстік Кореяның ірі компаниялары мен қауымдастықтары демешілік ететін кубоктарда бақ сынайды. Мәселен, 1988 жылдан бері әр 4 жылда бір өтетін және ең қомақты жұлде қорына ие IngCup жарысын «Го Олимпиадасы» деп те атайды. Ол 1988 жылдан бері әр 4 жыл сайын бір рет қана өткізіледі. Жапонияның NihonKi-in ұйымы өткізетін WorldGoChampionship да әлемнің ең таңдаулы кәсіби шеберлері ғана шақырылатын беделді турнир саналады. Samsung Cup, LG Cup (Корея) және ChunlanCup (Қытай) турнирлерінің де мәртебесі жоғары. Қазақстаннан әуесқойлар арасындағы халықаралық турнирге ең бірінші болып 2008 жылы Оңтүстік Кореяда Ерлан Баймұхаметов бақ сынады. Ал Әуесқойлар арасындағы әлем чемпионатына (WAGC) отандастарымыз Қазақстан ресми түрде IGF мүшелігіне өткеннен кейін (2012) ғана қатысуға мүмкіндік алды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электрондық нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31